

#ЖаңаҚазақстан

Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#РЕФЕРЕНДУМ2022



МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

4

БІШКЕК



ҰЛЫ АБАЙҒА ЕСКЕРТКІШ

5

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 27 мамырдағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 101 849

II компонентпен

1 084 294

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 27 мамырдағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 501 818** адам,

II компонентпен **9 276 419** адам

вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –

4 372 728

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.05.2022

Түнде:

+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай, бұршақ.

Күндіз:

+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай, бұршақ.

Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

29.05.2022

Түнде:

+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай, бұршақ.

Күндіз:

+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай, бұршақ.

Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағайдың екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №59 (6194) 28 мамыр, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР МЕН НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР КЕРЕК

Мемлекет басшысы Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысты



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІ МАҢЫЗДЫ БАСТАМАСЫНАН:

«Маңызды жобалар мен нақты нәтижелер керек. Бұл үшін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірлескен жобаларын тезірек аяқтау қажет, сондай-ақ жаңа инвестициялық жобалар ұсыну керек. Аймақтық және жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете отырып, бизнес саласындағы ықпалдастықты күшейту, трансқұрлықтық дәліздеріміздің жылдамдығын жетілдіру қажет».

2

ӘКІМ

ЖЕТІСУДА ЖОБА КӨП

Шаһар басшысы Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Самат СЕРКБАЙҰЛЫ.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың халықпен болған бесінші кездесуі Жетісу ауданында жалғасты. Бұл күнгі кездесуге 500-ден астам қала тұрғыны қатысты. Қала әкімімен болған кездесуді Алматы қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі Бақтияр Камалов жүргізіп отырды.

2

ҚЫСҚА...

- Қазақстан Президенті Еуразиялық экономикалық форумға қатысты.
- Бішкек төрінде Абай ескерткіші ашылды.
- Мемлекет басшысы академик Мырзатай Жолдасбековті мерейтойымен құттықтады.
- Алматыда «Әл-Фараби - Иқбал» халықаралық форумы өтті.
- Қырғызстанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы ашылды.
- Жаңадан құрылатын Конституциялық сотқа құқығы бұзылған кез келген азамат жүгіне алады.
- Бұдан былай Қырғызстан өз елінің азаматтары болып саналатын этникалық қазақтарға білім гранттарын бөледі.
- Еліміз халал өнімдерін сертификаттау құқығына ие болды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР МЕН НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР КЕРЕК

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысына бейнебайланыс режимінде қатысты.

Саммитке Қазақстан Президентінен басқа Қырғыз Республикасының Президенті – ЖЕЭК төрағасы Садыр Жапаров, Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Еуразиялық экономикалық одақ жанындағы бақылаушы мемлекеттердің басшылары: Куба Президенті Мигель Диас-Канель және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович қатысты.

Қазақстан Президенті өз сөзінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жаһандық және аймақтық сын-қатерлер жағдайында өзара күш біріктіре отырып, әлеуметтік-экономикалық кедергілерді сәтті еңсертетінін, макроэкономикалық тұрақтылық пен өсім қарқынын қамтамасыз ететінін атап өтті.

– Одақтың жұмысы басталған уақыттан бері Қазақстанның өзара сауда-саттық көрсеткіші 33 пайызға, ал экспорты 55 пайызға артты. Қазақстанда 15 мыңнан астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың саны артып келеді. Бұл – қуанарлық жайт. Аталған көрсеткіштер біздің интеграциялық ықпалдастығымыздың табыстылығын көрсетеді. Ортақ күш-жігеріміздің алдағы уақытта да азаматтарымыздың игілігі жолындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қарқынын дамытуға бағытталғаны маңызды деп санаймын. Мұны жаһандық сын-қатерлер алдындағы біздің «ұжымдық иммунитетімізді» нығайтудың кепілі деп білемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, бүгінде байқалып отырған санкциялық қайшылықтар шын мәнінде бұрын-соңды болмаған.

– Биылғы ақпан айында елордада өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес аясында «еуразиялық бестікке» кіретін елдер экономикасының орнықтылығын қамтамасыз ету үшін Жоғары деңгейдегі Жұмыс тобын құруды ұсындым. Жұмыс тобы құрылды. Жедел шаралар топтамасы әзірленіп, жүзеге асырылып жатыр. Нақты нәтижелер де бар. Бірақ күрделі геосаяси ахуалдың әлі де жалғасатынын есте ұстау қажет. Бұған дайын болуымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеңес қатысушыларына қазіргі жағдайлар мен интеграциялық бірігу үдерісіне сай келетін Қазақстанның екі маңызды бастамасын қарастыруды ұсынды.

– Маңызды жобалар мен нақты нәтижелер керек. Бұл үшін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірлескен жобаларын тезірек аяқтау қажет, сондай-ақ жаңа инвестициялық жобалар ұсыну керек. Аймақтық және жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете отырып, бизнес саласындағы ықпалдастықты күшейту, трансқұрлықтық дәліздеріміздің жылдамдығын жетілдіру қажет. Санкцияларды ескере отырып, шетелдік компаниялардың басқа жерге көшуі үшін қолайлы жағдай жасау мәселесіне айрықша назар аударуды ұсынамын. Әлемдік алпауыт елдер де Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің геоэкономикалық орналасу жағынан басымдыққа ие екенін жақсы біледі. Сондықтан 180 миллион тұтынушысы бар нарығымыздың әлеуетін елеулі мүмкін емес. Аталған шараларды 12 айдың ішінде жүзеге асыруды ұсынамын, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бұл жұмыстарды Жоғары деңгейдегі Жұмыс тобы аясында Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының салалық мүше – министрінің төрағалығымен атқаруға болады деп санайды. Жұмыс тобының аралық баяндамасын осы жылдың желтоқсан айында қарастыру ұсынылды.

– Қазіргідей күрделі кезеңде үшінші елдермен, интеграциялық бірлестіктермен экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету мәселесі өзекті болып отыр. Бұл жөнінде бытыр қазан айында өткен Жоғары кеңестің отырысында айттым. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ органдарына төрағалық еткен кезде осы бағыт басымдық ретінде айқындалды. Өткен жылдың соңында Шанхай ынтымақтастық ұйымымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Тез арада жұмысты қолға алып, нақты жобалар мен бастамаларды талқылауды бастау керек. Бүгін біз Индонезиямен еркін сауда туралы келісімге келу жөнінде келіссөзді бастаймыз. Үндістанмен келіссөз жүргізіліп жатыр, Моңғолиямен келісім пысықталу сатысында, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, қазіргі жағдайда аталған бағыттың өзектілігі арта түспек. Мемлекет басшысы Комиссия мен Үкіметтерді аталған жұмысты жеделдетуге шақырды.

– Кеңе бірінші Еуразиялық экономикалық форум өтті. Онда өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды. Еуразиялық интеграцияны одан әрі дамыту жөнінде пікір алмастық. Табысты болған осы екі күнде қол жеткізілген уағдаластықтар мен шешімдер біздің бірігу үдерісімізді одан әрі дамыту аясында жалғасын табатынына сенімдімін, – деп Мемлекет басшысы сөзін түйіндеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ӘКІМ

ЖЕТІСУДА

Шаһар басшысы Жетісу ауданының



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

(Басы 1-бетте)

Алматының ең байырғы аудандарының бірі – Жетісу ауданының құрылғанына биыл 86 жыл толып отыр. Алматының күре тамыры іспетті ауданда негізінен ірі өнеркәсіп ошақтары мен кәсіпорындар шоғырланған. Сонымен қатар, ауданда сауда саласы да қарқынды дамып келеді. Қаламыздағы ең үлкен базарлар мен сауда үйлері де аудан аумағына орналасқандықтан, сауда саласына қала халқының 45 пайызы, яғни 40 мыңға жуық адам қамтылып отыр. Ауданда жеңіл өнеркәсіп, жиһаз өндірісі кеңінен дамыса, бірнеше ірі зауыттар жұмыс істеп жатыр.

Қала басшысы кездесуде ауданның негізгі өзекті мәселелеріне назар аударды. Әсіресе, ескірген тұрғын үй, инженерлік желілер мен жол төсемінің тозуы, стихиялық сауда, экология және абаттандыру, әлеуметтік инфрақұрылым мәселелері кездесудің басты тақырыбына айналды.

Қазіргі уақытта ауданда сумен жабдықтау, суды бұру сияқты мәселелер өте өзекті. Әсіресе, «Кемел» ықшамауданындағы су мәселесі көпшілікті алаңдатып отыр. Бұл мәселеге Ерболат Досаев ерекше тоқталды.

«Өткен жылдың қыркүйек айында бұл мәселемен айналысуға тиіс мердігерді анықтадық. Сол мердігердің жауапсыздығынан сумен жабдықтау, суды бұру желілерін салу жөніндегі жоба келесі жылға қалып отыр», – деді қала әкімі.

Сонымен қатар, биылғы жылы Қазыбаев, Рысқұлов, Тәтібеков, Райымбек көшелерін сумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту және кәріз құрылысы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар аяқталатын болады. Осы айдың басында сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысына мемлекеттік сараптама жүргізілді.

2023 жылдың көктемінде Жетісу ауданына қарасты 68 көшеге жөндеу жұмыстары басталады. Осы ретте қала басшысы жолдар тек инженерлік желілер пайдалануға берілгеннен кейін ғана асфальтталатынын айта келе, биылғы жылы жалпы ұзындығы 27,3 шақырым болатын 20 көшенің жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жоспарланып отырғанын жеткізді.

Жақын күнде жауын-шашын кезінде орын алатын су басу мәселесін шешуге бағытталған 7 көшенің бойындағы арық жүйесін жөндеу аяқталады. Сондай-ақ, Райымбек даңғылы бойындағы су бұру коллекторлары қалпына келтіріліп, бұл мегаполистің жоғарғы жағынан болатын жаңбыр ағынын азайтуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта ауданның 27 көшесіне еріген қар суын бұру үшін арық желілері мен коллекторларды салу және қайта жаңарту жұмыстарын жүргі-

зуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Бұған қоса, аудандық әкімшіліктің қолдауымен әлі де 27 учаске бойынша арық желілеріне жөндеу жүргізу жоспарланған.

Аталмыш ауданда жарықтандыру және электрмен қамтамасыз ету проблемалары орын алған. Сондықтан «Жаңа Алматы» жобасына сәйкес, аудандағы 162 көшені жарықтандыру жоспарланып отыр. Бұл мақсаттағы құрылыс-монтаж жұмыстары үшінші тоқсанда басталады. Кездесуде Ерболат Досаев «Кемел» ықшамауданында электрмен жабдықтау желілерін қайта құру жұмыстарының басталғанын атап өтті. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін ықшамауданның әрбір жеке үйі қалалық желілерге қосылған тұрақты электрмен толық қамтылады.

Кездесуде тұрғындар тарапынан ең көп көтерілген мәселе – мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердегі орын тапшылығы туралы болды. Ағымдағы жылы 3 мектепке жапсарлас қосымша ғимарат салу жоспарлануда.

Мәселен, «Айнабұлақ-4» ықшамауданында 1986 жылы салынған ескі ғимаратты бұзып, орнына 160 орынды балабақша салынады. Өткен жылы әкімшілік Ратушның көшесіндегі 280 орынды ескі балабақша ғимаратын сатып алып, орнына жаңа балабақша тұрғызған еді. Ғимарат осы жылдың соңында ашылады. Шаһар басшысы аудандағы үш дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталғаннан кейін балаларға арналған барлық спорт секциялары тегін болатынын жеткізді.

Тұрғындардың саны артқан сайын аудандық емханалардағы сұраныстың да артқаны байқалады. Қазіргі уақытта «Кемелде» 200 пациентке арналған отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүргізілуде. Аудандық әкімшілік емханалар қатарын арттыру үшін 2 ғимарат сатып алды. Қала басшысы «Жұмысшы» кентінде емхана ашуды қарастырып жатқанын айтты.

Алматы қаласы әкімінің мәліметі бойынша, аудан тұрғындарынан келіп түскен өтініштердің дені – учаскелерді абаттандыруға немесе аула аумақтарын жөндеуге қатысты. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2022 жылға арналған «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасын қаржыландыру 300 млн теңгеден – 1,1 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Тұрғындардың ұсыныстары бойынша 23 жоба іріктеліп, 3 ірі жоба – бұлар Черновицкая көшесіндегі Есентай өзенінің, Коперник көшесіндегі Кіші Алматы өзенінің, Омаров көшесінен Қазыбаев көшесіне дейінгі Қарасу өзенінің жағалаулары, саябақтарға, жаяу жүргіншілер аймақтарына жөндеу жұмыстарын жүргізу, балалар-

ға арналған ойын және спорт, футбол алаңдарын жасау қарастырылып отыр. Сондай-ақ, ауданда «Гүлдер» саябағына, «Айнабұлақ-1» және «Айнабұлақ-3» ықшамаудандарындағы гүлзарларға ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарланды.

Қазіргі уақытта «Көкмайса» ықшамауданындағы Есентай өзенінің жағалауына саябақ салу жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, биылғы жылы Рысқұлов/Сүйінбай даңғылы бойындағы көпір астында жастардың спорттық алаңын, «Айнабұлақ-1» ықшамауданындағы Есентай өзенінің бойында «Жастар саябағының» құрылыстарын бастау, «Көкжиек» ықшамауданындағы және М.Жұмабаев көшесі бойында жаяу жүргіншілер аймақтарын салу мен «Кемел» ықшамауданындағы өзен жағалауына саябақ салу жоспарланған.

Қала әкімімен болған кездесу барысында тұрғындар аудандағы жолдарды, кәріз және электр желілерін жөндеу, абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес биылғы жылдың соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді. 8 ауданның тұрғындарымен тоқсан сайын бір-бір кездесу өтетін болады.

Халықпен алғашқы кездесу Бостандық ауданында 14 сәуірде болды. 28 сәуірде – Алатау ауданында, 12 мамырда – Әуезов ауданында – 19 мамырда Наурызбай ауданында өтті.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың аудан аумағындағы өзекті мәселелерге қатысты баяндамасынан кейін тұрғындар сауалдарына кезек берілді. Қаламыздың ең көне ауданы есептелетін Жетісу ауданында ескірген үйлер мен абаттандыру мәселелері өзекті болып отыр. Әсіресе, әкімнің өзі атап өткен «Кемел» ықшамауданы тұрғындарының айтары көп.

МӘСЕЛЕЛЕР РЕТ-РЕТІМЕН ШЕШІЛЕДІ

«Мен «Кемел» ықшамауданы, Жолымбет, 43-ші үйден келіп тұрмын. Мен бұған дейін айтылып жүрген мәселе бойынша келдім. Жолымбет көшесі бойында аялдама жоқ. Жолдың бір жағына жаяу жүргіншілер жолы салынуы



ЖОБА КӨП ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

керек еді, ол да тоқтап тұр. Екіншісі, осы ауданда мешіт салмақшымыз, соған жәрдем берсеңіз. Мемлекеттік актіміз – бәрі дайын, бірақ неше жылдан бері сала алмай жүрміз. Қаржы жазғынан қиындықтар болып тұр», – деді қария.

Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Ғани Әуезханұлы аялдама мен жаяу жүргіншілер жолы осы жылдың жоспарында бар екенін хабарлап, жыл соңына дейін жасап беруге уәде берді.

«Екінші сұраққа келсек, мен рұқсат берейін. Осы мәселе бойынша қала бойынша қиындықтар жетерлік. Салынған мешіттердің жартысында тиісті құжаттары жоқ. Сондықтан тыңғылықты тексерудеміз. Мұхит Бақытұлы, тексеріп көріңіз», – деді Е.Досаев қала әкімінің орынбасарына тапсырып.

Осы ықшамауданның тағы бір тұрғыны балалар алаңын жасап беруді сұрады.

– Жалпы, «Кемел» ықшамауданындағы барлық мәселелерге бірден жауап берейін. Электр қуатына қатысты сауалдарды шешеміз. Жұмысын жауапты атқара алмай отырған мердігерді сот арқылы «банкрот» немесе «жауапсыз мердігер» деп танып, одан бар активті қайтарып алу жоспарда бар. Су мен кәріз жолдарына қатысты мердігер компания сіздердің ықшамаудандарыңызда жұмысты бастаған жоқ. Себебі, оның банктен кепілдігі жоқ, сәйкесінше мен құрылысқа рұқсат бере алмаймын. Сонымен біз жаңа конкурс жариялап, жаңа мердігер іздеуге мәжбүрміз. «Кемелге» жеткілікті қаржы бөлінген. Саябақ, уәде еткенімдей, жасалады. «Кемел» ықшамауданы менің бірінші кезекте шешу керек мәселелерімнің тізімінде тұр, – деп жауап берді қала әкімі.

Сауалдар легі «Көкжиек» ықшамауданы мәселелерін де біраз қамтыды.

«Көкжиек» ықшамауданы тұрғынымын. Бізде жылда 25 шілдеден 15 тамызға дейін 20 күнге ыстық су өшіріледі. Бізге жазда ыстық суық өте қиын. 20 күнге емес, бір аптаға дейін қысқартыңдар деп те тапсырма берілді. Ол да істелінбеді. Жылда он күнде істеп береміз деп уәде береді. 10 жыл бойы өзгеріс жоқ. Осы мәселе бойынша тапсырма беруіңізді сұраймыз», – деді тұрғын.

Аудан әкімінің айтуынша, қазандықта 5 пеш бар, әкімдік оларды жыл сайын тазалау жұмыстарына байланыс-

ты уақытша жабуға мәжбүр. Ал Ерболат Досаев орынбасары Мұхит Бақытұлы пештің қысқа мерзімде тазалануын өз бақылауына алатынын жеткізді.

«Автоматтандырылған технологиялық кешеннің бір пеші «Көкжиекте» орналасқан. Жыл сайын техникалық жөндеу жұмыстарын жасаймыз. 20 күн деп декларацияда жазылған, он күнде бітіреміз дейді, бірақ бір айға созылып кетеді. Биыл өзімің жеке бақылауыма аламын», – деді М.Бақытұлы.

Палладин көшесінен келген тұрғындар да мәселелері шешімін таппай келе жатқанына шағымданды.

«Біз биыл 68 көшені жөндеу жұмыстарының жоспарын құрдық. Сіздің көше солардың қатарында. Мемлекеттік сараптамалар дайын, ақша бөлінген. Енді қалғаны конкурстық жұмыстар барысы, құрылысты 2023 жылдың көктемінде бастаймыз. Аудан әкіміне міндетті түрде сіздердің көшелеріңізге баруды тапсырамын», – деді қала әкімі.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТЕ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛУЫ МҮМКІН

Кездесу барысында әлеуметтік мәселелер де көтеріліп, қала әкімі Ерболат Досаев халықты қолдау бағдарламаларына кейбір өзгерістер мен түзетулер енгізуді ұсынды. Мысалы, бәріне белгілі «Qoldau» бағдарламасында әлеуметтік осал топтағы жандарға грант бірінші кезекте беріледі, бірақ олардың қатарында мүгедектігі бар жандар көп. Әкім осыған орай ерекше жандарды бөлек бір санат бойынша қарастыруды ұсынды. Өйткені, бөлінетін гранттар саны шектеулі.

Кәсіпкерлік және инвестиция басқармасының мәліметіне сәйкес, гранттар екі бағыт бойынша беріледі. Жыл сайын 1000 өтініш түссе, оның 100-і ғана өтеді. Берілетін грант сомасы – 5 млн дейін. Осы тұста қала әкімі гранттың сомасын азайту арқылы оның санын көбейтуді де ойластыру керек екенін алға тартты.

Келесі бір тұрғын әлеуметтік көмектің сапасына шағым түсірді.

– Біз әлеуметтік көмек алып отырмыз. Ақшалай қолдаудан бөлек, әлеуметтік пакет те беріледі. «Магнум» супермаркеттері жинайтын азық-түлік пакетін қолдану мүмкін емес. Неге супермаркет қызметкерлері өздерінің жағдайын пайдаланып, көмекке зәру отбасыларға сапасыз азық-түлік

береді? Неге құзырлы органдар тексермейді? Осыны бір ретке келтіруге болмай ма?

– Былтыр әлеуметтік пакеттер бойынша байқауды «Магнум» ұтып алды, ескертулер болды, бірақ барлығы түзетілген болатын. Биыл конкурс қайтадан жарияланып отыр, себебі «Магнум» жеткізуші болғылары келмейді, – деді Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева.

Ерболат Досаев әлеуметтік көмек ретінде берілетін азық-түліктің сапасын жақсарту бойынша жұмыстарды қатандатуды тапсырды.

АПАТТЫ ҮЙЛЕР ҚАШАН БҰЗЫЛАДЫ?

Жетісу ауданының ең бір өзекті мәселесі – апаттық жағдайда тұрған үйлер. Себебі, үйдің тұрған жеріне, пәтердің санына, басқа да себептермен оны жаңартуға инвесторларды тарту мүмкін болмай тұр. Ал басқа аудандағы жаңа үйлерге тұрғындар көшкілері келмейді. Дегенмен, әкімдік тарапынан қызыл сызықта тұрған тұрғын үйлер дереу бұзылатыны хабарланды.

«Біз Жетісу ауданы, Сүйінбай көшесі, 46-шы үйден келіп тұрмыз. Біздің үйіміз апаттық жағдайда тұр. Өте нашар жерде тұрып жатырмыз. Ойын алаңы жоқ, аула кішкентай. Маңайымызда жанармай бекеттері, көлік тұрақтары жоқ. Газ сатып алынып әкелінеді. Таңертең тұрғанда қорқып оянамыз. Біздің үйді бұзуды бірнеше жыл бұрын сұрағанбыз. 2000 жылдан кейін бұзылады деген, тиісті уақыт өтті ғой. Қыстағы жағдайдан кейін үйді бұзу тағы артқа шегеріліп қалды. Біздің жағдай қалай боларын түсіндірсеңіз», – деп сұрады тұрғын.

«Алматы қаласында өткен ғасырдың 50-жылдары салынған үйлер, одан көнелері де жиналып қалған. Бәрінің сұрағын бірден шеше алмаймын, бірақ Асқар деген балаңыз айтып түсіндіріп береді», – деп түсіндірді қала әкімі.

«Осы үйдің тұрғындарымен талай кездескенбіз. Жалғыз тұрғын үй, ішінде 14 пәтер. 2021 жылғы жанарту бағдарламасына екінші бюджеттік бағыт бойынша енгізілген болатын. Себебі, жалғыз тұрған үйге инвесторлар тарту мүмкіндігі жоқ», – деді қала әкімінің орынбасары Асқар Кеменгерұлы.

Инвесторлар көмегімен үй салу мүмкіндігі болмағандықтан, мәселе бюджет есебіне тіркеліп, Мұхит Бақытұлының құзыреттілігіне көшті.

«Бұл мәселені сіздің қарауыңызға келесі аптада жібереміз. Бұл үй жобаға биыл кірмейді, себебі бірінші бізге адамдарды көшіру үшін үйді сатып алу қажет. Келесі жылдан жұмыстарды бастаймыз», – деді М.Бақытұлы.

Әкім осы жылы бюджетті қайта қарау барысында пәтер сатып алуға келесі жылға қаражат бөлеу тырысатынын жеткізді. Боткин көшесінің тұрғындары үйлерінің бұзылуын 25 жылдан аса уақыт күтіп келеді. Қала әкімі осы аумақтағы апатты үйлерді жаңарту бағдарламасына енгізгенін айтып, бұзу келесі жылы жүргізілетінін хабарлады.

P.S.

Қала әкімінің кезекті кездесуі әдеттегідей үш сағатқа созылып, жүзден астам сұраққа қойылды. Бәрін алаңдатқан «Кемел» ықшамауданы мен апатты үйлер мәселесі белгілі бір деңгейде шешімін тапты десек болады. Абаттандыру «Бюджетке қатысу», мердігерлермен сот арқылы келісімге келумен жүргізілетін болса, қызыл сызықта тұрған үйлер инвесторлар көмегімен жаңартылады, қалғандары келесі жылы бюджетті қайта қарау барысында жоспарға ілінбек.

Әзірлегендер
Рая ЕСКЕНДІР,
Динара МҰРАТ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ЖЕТИСУ АУДАНЫ

1936 жылы құрылған

әлеуметтік-экономикалық
көрсеткіштері

Ауданда жеңіл өнеркәсіп,
жиһаз өндірісі жақсы дамыған.
Бірқатар ірі зауыттар бар.



Өнеркәсіптік және сауда салаларында
40 мыңға жуық адам
жұмыс істейді немесе халықтың 45%-ын қамтып отыр.

«Айнабұлақ-4»
шағынауданында 1986 жылы
салынған ғимарат бұзылып,
160 орынды
балабақша салынады.

Биыл **3 мектепке**
жапсарлас құрылыс салу
жоспарланып отыр.

«Кемел» шағынауданында
200 адамға
арналған отбасылық-
дәрігерлік амбулаторияның
құрылысы жүргізілуде.

Биыл **Қазыбаев, Рысқұлов, Тәтібеков,**
Райымбек көшелерінде сумен жабдықтау
желілері қайта жаңартылып, кәріз құрылысы
бойынша жұмыстар аяқталады.

Ағымдағы жылы жалпы ұзындығы
27,3 шақырым болатын
20 көшеге
орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.



Су басу мәселесін шешу мақсатында
7 мекенжай бойынша арық
жүйесін жөндеу жұмыстары аяқталады.

«Жаңа Алматы» жобасы аясында
162 жартылай жарықтандырыл-
маған көшелерге жарық
беріледі. Құрылыс-монтаж жұмыстары
үшінші тоқсанда басталады.



«Бюджетке
қатысу»
жобасы бойынша
учаскелерді абаттандырып,
аулаларды жөндеуге қосымша
300 миллион теңге бөлінді

«Көкмайса» шағынаудандағы Есентай өзенінің
жағалауына саябақ салу жұмыстары жүргізілуде.





#КОНСТИТУЦИЯ2022

5 МАУСЫМ / 2022

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

АЛМАТЫДА ДАУЫС БЕРУ ҮШІН
ӨЗ УЧАСКЕҢІЗДІ ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

САЙТ: WWW.OPEN-ALMATY.KZ

TELEGRAM-BOT: @REFERENDUMALMATY2022BOT

РЕФЕРЕНДУМ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ

CALL ОРТАЛЫҚ +7 (727) 338 45 45
(САҒАТ 8.00–20.00)ӨЗІҢІЗДІ ТІЗІМДЕРДЕН ТАБУ ЖӘНЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ АЛУ ҮШІН
ЖСН НӨМІРІН ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ5 МАУСЫМ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМКОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ АЙҚЫН
КӨРІНІСТЕРІ

72-бап

4. Облыстардың,
республикалық маңызы
бар қалалардың және
астананың әкімдерін
қызметке тиісіншеоблыстардың, республикалық маңызы
бар қалалардың және астананың
мәслихаттарының келісімімен
Республика Президенті тағайындайды.Облыстардың,
республикалық
маңызы бар
қалалардың және
астананың әкімдерін
қызметке тиісінше
облыс аумағындаорналасқан мәслихаттар депутаттарының
немесе республикалық маңызы бар
қалалар мен астана мәслихаттары
депутаттарының келісімімен Республика
Президенті тағайындайды. Республика
Президенті ДАУЫС БЕРУ ӨТКІЗІЛЕТІН
КЕМІНДЕ ЕКІ КАНДИДАТУРА ҰСЫНАДЫ.
Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар
депутаттарының көп дауысын алған
кандидат келісім алған болып есептеледі.КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
РЕФОРМАКҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ҰҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ –
ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін
саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден
басталады».

(Мәжіліс Төрағасының Қазақстан Республикасы Жолдауының 16.03.2022).

#Жаңа
Қазақстан

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Тарихи оқиға



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Гүлжанат
СЕМБАЕВАС.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина
университетінде «Республикалық референдум –
құқықтық шығармашылықты демократияландыру
және конституциялық реформаны заңдастыру
құралы» атты «Дөңгелек үстел» өтті.

КЕЗДЕСУ

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

Мемлекет басшысының
Конституцияға өзгеріс-
тер енгізу жөніндегі
бастамалары қисынды
әрі уақытылы болды.
Бұл туралы пікір «Қам-
қор» әлеуметтік тұрғын
үй» қызметкерлеріне
конституциялық рефор-
маны түсіндіру кезінде
айтылды.Аманат партиясының респуб-
ликалық штабының мүшесі,
Мәжіліс депутаты Бекқали Тор-
ғаев және Алматы қалалық партия
штабының жетекшісі Мейіржан
Отыңшиев қала тұрғындарының
назарын Жаңа Қазақстанның басты
бағыттарына, оның ішінде теңдік
пен әділдікке аударды.Түсіндіру барысында мәжіліс-
мен Бекқали Торғаев дауыс беру
ережелеріне жеке тоқталды. Мәсе-
лен, алдағы 2022 жылғы 5 маусым-
дағы республикалық референдумда
дауыс беруге арналған бюллетеньде
бір ғана сұраққа жауаптың екі нұс-
қасы болады: Сіз Қазақстан Рес-
публикасының Конституциясына
өзгерістер мен толықтыруларды
қабылдайсыз ба? «Иә» – қабылдай-
мын, «Жоқ» – қабылдамаймын.«Біз осы жерде және жалпы
қала бойынша кездесулерді барлық
33 түзетуді түсіндіру үшін өткізу-
деміз. Жұмыс тобы құрылды, өз-
герістер жобасын Конституция-
лық Кеңестің өзі қарады. Әр
түзету талданды. Сондықтан ал-дағы референдумға жауап-
кершілікпен қарау өте маңызды,
өйткені ол біздің мемлекетімізге
демократиялық жолға тұруға
мүмкіндік береді», – деп атап өтті
өз сөзінде депутат Б.Торғаев.Кездесуге қатысушылардың
айтуынша, қоғам конституциялық
өзгерістерді, әсіресе олардың кон-
ституциялық құқықтарын қорғауды
күшейтуге мұқтаж.«Біз өскелең ұрпақтың игілігі
үшін ел Конституциясына ұсыныл-
ған түзетулерді қолдауға дайын-
быз!», – деп атап өтті олар.«Қаңтардағы оқиғалар қазақ-
тандықтарды Конституцияға
жаһандық түзетулер енгізуінсіз
елді толыққанды реформалау
мүмкін еместігін нақты түсінуге
итермеледі. Сондықтан 5 мау-
сымда халықтың қолдауы үшін
ұсынылған конституциялық өз-
герістер топтамасы шындыққа
айналуы және елдің саяси-құқық-
тық күн тәртібін түбегейлі өз-
гертуі тиіс», – деп түйіндеді
М.Отыңшиев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Насихаттық материал Аманат партиясы қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының тапсырысы
бойынша «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағына сәйкес
шығарылды, жауапты тұлға – Отыңшиев Мейіржан Батырбекұлы. Басылым атауы – «Almaty akshamy».
Сенбілік таралымы – 4625 дана. «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды.



ЖИЫН

«Бақылаушы болуға шақырамыз»

Референдум бақылаушылары Алматыда өз дайындықтарын бастады

Independ.kz орталығында «Азаматтық бастамалар орталығы» қоғамдық бірлестігінің брифингі өтті. Кездесу мақсаты жалпыхалықтық дауыс беру рәсіміне кең азаматтық бақылауды қамтамасыз ету және алдағы референдум рәсімдерінің адалдығына кепілдік беру мәселесін талқылау болды.



Досбол
АТАЖАН

Қоғамдық бірлестіктің өкілдері референдумға мониторинг жүргізетін штаб құрғандығын хабарлады. Штабтың алдағы қызметі туралы оның жетекшісі Ботагөз Құдышева, Әуезов ауданының үйлестірушісі Жанна Мұқатаева, Алмалы ауданының үйлестірушісі Жасұлан Тәжібаев айтып берді.

Ботагөз Құдышева референдум халық пікірін білдіретін мүмкіндік болғандықтан, мұндай шараны «Азаматтық бастамалар орталығы» ҚБ қолдайтынын мәлімдеді. Оның айтуынша, еліміздің әрбір азаматы бүгінде Жаңа Қазақстан идеясын тең мүмкіндіктер келбеті, әлеуметтік әділеттілік және әрбір адамның әл-ауқатының өсуіне жасалған қадам ретінде қабылдайды және одан шабыт алады. Қоғамдық бірлестік белсенділерінің атынан Ботагөз Құдышева Жаңа Қазақстанда мемлекеттік емес ұйымдар маңызды рөл атқаратынына сенім білдірді.

– «Азаматтық бастамалар орталығы» ҚБ және басқа бірнеше мемлекеттік емес ұйымдар біріге отырып, 5 маусымда өтетін референдумға

белсене қатысып, бақылаушы болуға шешім қабылдады. Біздің еріктілеріміз қаланың 8 ауданындағы 8 дауыс беру мекемелерінде тәуелсіз бақылаушы болады, – деді ҚБ жетекшісі Ботагөз Құдышева.

Жанна Мұқатаева өз кезегінде қоғамдық бірлестік еріктілері әрқашан еліміздегі қоғамдық өзгерістердің барысында жүретіндігін және мемлекеттік құрылымдардың жұмысына мониторинг жүргізетіндігін айтты. Сондай-ақ, 4–6 маусым аралығында Марков көшесі мен Ғабдуллин көшесінің қиылысында ұйымның штабы жұмыс істейтінін хабарлады.

– Қала бойынша 547 дауыс беру орталығы бар. Олардың барлығын бақылауға бізде адам саны жетіспейді. Сондықтан біздің ұйым алматылық белсенділер мен еріктілерді Марков, 46 мекенжайындағы орталығымызға келіп, тәуелсіз бақылаушы болуға шақырады, – деді ол.

«Азаматтық бастамалар орталығы» ҚБ атынан кездесуді түйіндеген Жасұлан Тәжібаев барлық азаматты референдумда дауыс беруге, сол арқылы Жаңа Қазақстанды құруда өз үлесін қосуға шақырды.

ПІКІРТАЛАС

Тең мүмкіндіктер

Алматы қаласында референдум мазмұнын халыққа түсіндіру науқаны аясында түрлі саланың білікті мамандары мен сарапшылар арасында қызу пікірталастар ұйымдастырылуда.



Динара
МҰРАТ

Мысалы, жуырда «Қазақстандағы Республикалық референдум» атты сарапшылар «Дөңгелек үстелі» өтті. Пікірталас алаңында Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, Қоғамдық кеңес пен Ардагерлер кеңесінің мүшелері, саясаттанушылар сөз алды.

Іс-шараның шымылдығын Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының Алматы қаласы Өңірлік кеңесінің мүшесі Қазыбек Алтайұлы ашты. Ол референдумды құр дауыс беру ретінде қабылдамай, оның ел өміріндегі маңызын кеңінен насихаттау қажеттілігін алға тартты.

«Алдағы маусымның 5-сі күні республикалық референдум өтеді. Оның мақсаты мен мазмұны осы отырғандарға мәлім деп ойлаймын. «Референдум» дегенде біз алдымен «Жаңа Қазақстан» терминін түсініп алуымыз қажет. Біз бұрынғы режимнен жаңа мемлекет құрылысына көшу барысындамыз. Өткеннің кемшіл тұстары болғанымен, мемлекет ретінде, тәуелсіз ел ретінде қалыптасқанымызды мойындау керек, бірақ біз одан әрі жоғарыға ұмтылуымыз қажет», – деді Қазыбек Алтайұлы.

Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Шолпан-

күлұлы референдумның тарихи негіздеріне кеңінен тоқталды.

«Осы тақырып төңірегінде талай сұрақтар қойылып жатыр. Қалай осы референдумға жеттік?»

• Оның бастауында Президенттің 11 қаңтар күнгі «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деген Үндеуі тұр.

• 10 наурыз күні Қасым-Жомарт Тоқаев саяси реформалардың бағдарламасын ұсынды.

• 22 сәуірде Конституцияны түзету мен толықтырулар енгізу үшін жұмыс тобы құрылды.

• 29 сәуір күні Президент бүкіл халықтық референдумды өткізуге шешім қабылдады.

Нәтижесінде бар-жоғы бес айдың ішінде біздің жаңа тарихымызда үлкен өзгерістер орын алды. Яғни Жаңа Қазақстанға біртабан жақындадық. Жаңа ел дегеніміз – тең мүмкіндіктер», – деді Серік Шолпанкүлұлы.

Қоғамдық кеңес атынан сөйлеген Бекнұр Сейтжанұлы алдағы референдумды тарихтан белгілі «Қоғамдық шартқа» теңеп, Конституция түбегейлі болмай, өзгерістерге ұшырап отыруы шарт деген ұстанымын жеткізді.

«Жалпы «Екінші республика» деген түсінік Франция тәжірибесінен алынған дүние. Ал референдум XVIII-XIX ғасырдан белгілі «қоғамдық шарт» түсінігіне саяды. Бұл түсінік бұған дейін барлық философ, ақын-жазушылармен

талай талқыланған. Оның мәні – халық болып Ата Заңды құру. Яғни алдағы референдумда мемлекет болашағын ел, жұртшылық шешетін болады. Ал Конституцияны өзгерту қиыншылықты дұрыс дегенге айтарым: Ата Заң түбегейлі болмауы керек, халық қалауына қарай өзгермелі болуы тиіс», – деді Қоғамдық кеңес өкілі.

Ал әйелдер құқығын қорғаушы Зульфия Мұхамедбекқызы Конституциядағы адам құқығына қатысты өзгерістерге тоқталып, оның болашақтағы әсерін түсіндірді.

«Қазір референдумға баруға ешкімді көндірудің қажеті жоқ деп ойлаймын, сондықтан құқық қорғаушы ретінде өз ойымды білдіргім келеді.

Мені адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесін айқындайтын жаңа баптың пайда болуы аса қуантады. Себебі, енді құқық қорғаушылар ешқандай мемлекеттік органға есеп бермейтін, тәуелсіз уәкілге айналып отыр. Мұндай өзгеріс бізге құқықтық жағынан қорған болмақ. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдер институты күшейтілмек. Бұған дейін құқық қорғаушылар демократияның көрінісі ретінде ғана танылса, енді оның басты құралына айналмақ.

Екіншіден, әйел ретінде біз 24-баптың түзетулерге қолдау білдіреміз деп ойлаймын. Аталмыш бапқа сәйкес мәжбүрлі еңбекке тыйым салынған, ал жаңа түзетулер бойынша ол жазалаудың бір түріне айналмақ. Менің 25 жылдық тәжірибемнің соңғы 15 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткен құқық бұзушыларды ең болмағанда мәжбүрлі жұмысқа салу жазасын Заңға енгізу жолында өтті. Өйткені, дамыған елдерде бұл қарапайым тәжірибе», – деді құқық қорғаушы.

ҚАЗАҚСТАН–ҚЫРҒЫЗСТАН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСЫНА – 30 ЖЫЛ!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕКІ ҰЛТТЫҢ ЖҮРЕГІ МЕН ТІЛЕГІ БІР

Бішкек төрінде Ұлы Абайға ескерткіш ашылды



Қасым-Жомарт Тоқаев Бішкекке ресми сапары барысында Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровпен келіссөз жүргізді. Салтанатты рәсімнен кейін шағын құрамда, содан кейін екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өтті.

Қазақстан Президенті өзара экспорттық номенклатураны кеңейту, қазақ-қырғыз шекарасындағы өткізу мүмкіндігін, соның ішінде кедендік рәсімдерге цифрлық шешімдерді енгізе отырып жақсарту арқылы тауар айналымын ұлғайту мәселелеріне тоқталды. Облыстар мен өңірлер арасындағы кең ауқымды ықпалдастықты жолға қоюдың маңызды екенін атап өтті. Осы ретте Президент Қазақстан мен Қырғызстан арасында бірінші Өңіраралық ынтымақтастық форумын тез арада ұйымдастырудың маңызды екенін айтты. Өзара тиімді ұсыныстарды зерделеп және перспективті жобалардың тізімін жасай отырып, инвестициялық ынтымақтастықты жандандыруға шақырды. Қырғызстанда гидроэнергетикалық нысанды, атап айтқанда Қамбар ата ГЭС-ін бірлесіп салу соның бірі болуы мүмкін.

Келіссөздер барысында, сондай-ақ, су дипломатиясы, ақпараттық технология саласындағы кооперацияны нығайту мәселелері қарастырылды. Мәдени-гуманитарлық байланыстар бауырлас екі халықтың жақындай түсуіне маңызды үлес қосады. Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров екіжақты ынтымақтастықты мейлінше жаңа деңгейге көтеруге, серіктестікті одан әрі жандандыруға және халықаралық аренадағы іс-қимылдарды үйлестіруге бағытталған бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

БАҚ өкілдері үшін брифингте Президент сауда-логистикалық индустриялық кешеннің негізгі қаланғанына тоқталып, бұл қадам өндірістік байланыстар мен сауда-саттықты жандандыруға жол ашатынын, сондай-ақ, азаматтардың шекарадан өтуін жеңілдетуге баса назар аударылғанын айтты. «Басты мақсат – шекарадағы тексерістерді азайтып, көлік кептелісін жою», – деді Қазақстан Президенті.

• Қазақстан – Қырғыз елінің негізгі сауда және инвестиция саласындағы серіктесінің бірі. Былтыр өзара тауар айналымы 1 миллиард долларға жетті. Қазақстан соңғы 15 жылда қырғыз еліне 1 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция құйды. Оның ішінде әлеуметтік маңызы зор жобалар да бар. Сауда көлемін жақын арада 2 миллиард долларға жеткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Қазақстан капиталының қатысуымен Ыстықкөл облысында күн энергиясы станциясын салу жоспарланған. Жобаның құны – 300 миллион доллар.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстанға ресми сапары аясында Садыр Жапаровпен бірге «Жаһандық өзгерістер дәуіріндегі еуразиялық экономикалық интеграция. Инвестициялық белсенділіктің жаңа мүмкіндіктері» атты тақырыпта өткен Еуразиялық экономикалық форумның пленарлық отырысына онлайн-форматта қатысты. Іс-шараға қатысушылар интеграцияны одан әрі дамытудың, Еуразиялық экономикалық одақ аясында энергетика, өнеркәсіп, көлік, қаржы және цифрландыру салаларындағы ынтымақтастықты нығайтудың перспективаларына қатысты ой-пікірлерін ортаға салды.

Қырғыз елінің қазақ халқына деген айрықша құрметі


Президенттер Қырғызстан астанасындағы «Театр» гүлзарының орталық аллеясына қойылған Ұлы Абай ескерткішінің ашылу салтанатына қатысты. Мемлекет басшысы бұл күнді қазақ пен қырғыздың рухани өміріндегі ерекше күн ретінде бағалап, Бішкек төрінде Абай ескерткішінің бой көтеруді қырғыз елінің қазақ халқына деген айрықша құрметінің белгісі деп атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы игі бастамаға қолдау көрсеткені үшін Садыр Жапаровқа зор ризашылығын білдіріп, бұл қадам Алатаудың бөктерін қатар жайлаған екі елдің бауырластығын бекемдей түсетінін айтты.

– Ағайын елдердің тамырластығын кезінде Абай да айтқан. Ұлы ақын қазақтың тарихына тоқталған кезде қырғыз бауырларды ерекше атап өткен. Ол «Еш қазақ қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды» деген. Шын мәнінде, екі ұлттың тегі мен тілі бір, жүрегі мен тілегі бір. Айыр қалпақты ағайынға біздің ықыласымыз қашан да ерекше. Көп ұзамай елімізде Манас ескерткіші бой көтереді. Бұл есім қазақ арасында өте танымал. Әйгілі Манасқа құрметіміз ерекше. Манастану ғылымының негізін қалаған Шоқан Уәлиханов екенін еске салғым келеді. «Манас» жырларының тағдыры тартысқа түскен кезде оған Мұхтар Әуезов араша түскенін білеміз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев осының бәрін бір-бірімізге деген жанашырлық пен тілектестіктің көрінісі деп атап өтіп, екі елдің бауырластығы мен достығы ешқашан мызғымайтынына сенім білдірді. Сондай-ақ, қырғыз халқына бақ-береке тіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Драматург-жазушы Смағұл Елубайдың трилогиясы бойынша талантты жас режиссер Бекарыс Елубай түсірген киноның таныстырылымы өтті.

АҚ БОЗ ҮЙДІҢ АҚИҚАТЫ

Қазір қазақ киносы өзінің төлтума туындыларын ұлтымыздың азат ойының, ізгі мұратының, көркемдік эстетикасының мүдделеріне сай етіп көрерменге ұсынып жатыр. Кеңес кезінде қазақ киносы үшін жабық тақырыптар көп еді, ұлттымыздың басына түскен үлкен трагедиялар суреттелген кинолар көрсетілмейтін. Тамашалайтынымыз – Кеңес өкіметін құруға белсене араласқан қызыл коммунист, белсенді эпурбандардың тап жолындағы күресі мен жеңісі, мінсіз коммунистер бейнесі, тап пен жікке бөлінген қазақ ауылының кикілжіңі болатын. Кемшілігіміздің бір сипаты – қазақ халқын ұлт ретінде жер бетінен жойып жіберудің алғышарттарының бірі болған – 1932 жылғы аштықты суреттейтін шығармалардың болмауы еді. Осы тақырыпты өзінің «Ақ боз үй» роман-трилогиясында арқау еткен жазушы Смағұл Елубайдың бұл шығарманы кеңестік цензураның тырнағынан жанкештілікпен аман алып қалып жариялағаны – біз үшін бір бақыт болса, бүгін сол кең тынысты ауқымды шығарманы жазушының ұлы, жас режиссер Бекарыстың кино өнерінің барлық ерекшеліктерін сақтай отырып, көңілімізге қондырғаны екінші бақыт.

Жас режиссер Бекарыс Елубай – бас кейіпкер Пахрединнің бейнесі төңірегінде киноның барлық сюжеттік арқауын шеберлікпен қиюластыра білген. Фильм сюжеті «Пәруардигер» деп басталатын басты кейіпкер Пахрединнің ішкі монологу арқылы ретроспективалық бағытта дамиды. Өмірдің талай тәтті дәмін татып, құрметін көріп, ел ардақтысы болған кейіпкеріміздің жандәрмен қып құмда селтіп, қурап тұрған жуа сабағын қолымен орып аузына салып, шайнап-шайнап жұтып жібергені, бақидың соңғы дәмінің таусылғанын білдіретін тұсы көрер-

менді бей-жай қалдырмайды. Бар пенденің өлім алдында тататын «атаукере» дегені осы шығар.

Кинода Пахрединнің жан берер сәтінде айналасына періште кейіпті, аштан шейіт болған ақ кебінді аруақтар елесінің толып кетуі, шексіз кеңістікпен астасып кеткен сурет трагедиялық лиризмнің жүрек тербер бір сәті. Осы көріністі көріп, өлімнің де қорқынышты емес екенін сезінесің, сенесің. Режиссер өлімде мәңгілік өмір бар екенін сезіндіріп, осы сәт арқылы бізді нәзік мұңлы әлеммен байланыстырады. Осы ұрымтал сәтте Пахрединмен бақұлдасуға келген Ахун образы – қазақ ұғымындағы ғұлама, дінбасы, сәуегей, әулиенің жинақталған бейнесі.

Жуа жеп тірі қалып, өмірмен қоштасқысы келмеген Пахрединді Ахунның ол ойынан қайта-

руы, ақ өлімді ерлікпен қабыл алуға шақыруы – кинодағы біз естіген жалғыз монолог. Сол монолог бүкіл фильмнің идеялық жүгін арқалап тұрғандай. Аштықта рухын жеңе алмаған, Алласына сыйынып адал өлім бұйырған Пахредин өмірлік жары, адал қосағы Сырғаның жанына барып, бойын тіктеп жазып, мәңгілік сапарға аттанады.

Режиссер көрерменнің қиял әлеміне аш өзегі үзіліп, өмірдің соңғы сәті тақап қалғанын сезген Пахрединнің көз алдына соңғы рет бақуатты отбасының шаттықты, қуанышты шақтарының куәсіндей – Ақ боз үй бейнесін жарқ еткізіп әкеледі. Ақ боз үй – символдық бейне, мәңгілік кимас сезім, өткен өмірдің жиынтық бейнесі, режиссердің тапқан образ-символы.

Фильмдегі жас жұбайлар

Пахредин мен Сырғаның жаңа туған егіз ұлдарынан айырылу сәтінің күйігіндей болып естілетін «Ой, Аллаһ-ай» деп басталатын әуен-жоқтау фильмнің өн бойында нала мен мұң-шерді қоюлатып, экранда өтіп жатқан оқиғаларға деген көрерменнің сезімін тербеп, эмоциялық қабылдауын күшейте түседі, мелодиялық табиғаты жағынан бұл мақамды халықтық зарды бейнелейтін атақты «Елім-ай» әнімен қатар қоюға болады.

Әрине, жас режиссер Бекарыс Елубайдың кең ауқымды, күрделі сюжетті, сталиндік репрессияны, қуғын-сүргінді суреттеген халқымыздың саны мен сапалық құрамын кұрдымға кетірген 1932 жылғы аштықты арқау еткен Смағұл Елубайдың романын экрандауы – батыл қадам. Өйткені, бұл шығарма қазақ

оқырмандарына әбден таныс, әдебиетсүйер қауымнан жоғары баға алған классикалық туынды болып саналады. Кеңестік кезеңде жазушы ағамыздың осы тақырыпты көтеруінің өзі халық тарапынан ерлік деп бағаланған. Фильмді көре отырып, сезіне отырып, бүгін Бекарысты осы ерлікті жалғастырушы оғлан деп қабылдаймыз. Өйткені, әкесінің асыл мұрасын қалада туып, «асфальтта өскен» ұлдың өз интерпретациясында терең түсініп, жаңаша көзқараста, заман талабына сай кино тілімен сөйлетіп, сүйікті кейіпкерлеріміз Пахредин, Сырға, Хансұлу, Ахун, Бұлыш, т.б. образдарын – уақыт, кеңестік, оқиға орнында көрсете білген шеберлігіне риза болдық. Жас режиссер кең тынысты, ауқымды шығарманы автордың көркемдік идеясы мен ұстанымын сақтай отырып, кино өнерінің заңдылықтары мен шарттарына сай түсірген.

Иә, кино көру барысында толқып, жанымыз егіліп, сан алуан күйге түстік. Бір кездегі шәкірт Бекарыстың қазіргі қазақ кино өнеріндегі өзіндік құбылысқа айналып отырғаны қуанарлық жай, алғашқы қадамдары да көз қуанып, көңіл сүйінерліктей. Бекарыстың бұған дейін түсірген «Аңшы бала», «Бала ғашық», «Оазис» фильмдері көрерменнің сүйіспеншілігіне бөленіп, жақсы бағасын алды. Бүгін өзіміз тамашалаған «Ақ боз үй» фильмін әкелі-балалы сценарист пен режиссердің бірлескен еңбегінің нәтижесі, дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығы, әдеби шығарманың өрісі кеңейіп, синтеттік өнерге айналуының жетістігі ретінде бағаладық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы-драматург:

– Осыдан үш жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған едім. Әңгіме арасында Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ақ боз үй» романын оқығаны жайында сөз қозғайды. «Шоқтығы биік шығарма» деп бағасын берген еді. Мен де сол жолы халқымыздың нәубет кешкен 1922, 1932 жылдардағы ашаршылықтың 100 жылдығына бір фильм түсірсек деген ойымның барын айтқан едім. Ол кісі бірден келісіп, тиісті кісілерге тапсырма берді. Бірақ әлемдік індет орын алып, кино түсіру мәселесі кейінге шегерілген еді. Тек өткен жылы ғана бұл мәселе қайта қолға алынып, кино түсірілу басталды.

«Ақ боз үй» фильмі Маңғышылақ облысының ең шеткері «Ұштаған» деген аулында түсірілді. Түрікпеннің қарақұмы сияқты құмды ауыл екен. Сосын Алматы облысының Іле ауданында жалғасты. Осынау тарихи шығарманы түсіруге атсалысқан барлық азаматтарға алғысымды білдіремін.

Рахима САКЕНОВА, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, педагогика ғылымының кандидаты.





МЕРЕЙ

«АҢЫЗ АСАНӘЛІ»



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Алматыда Қазақстанның Халық әртісі, театр және кино актері Асанәлі Әшімовтің 85 жылдығына арналған «Аңыз Асанәлі» атты салтанатты кеш өтті.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев құттықтау сөздерін айтты. Салтанатты шараға мәдениет қайраткерлері, акындар, жазушылар және т.б. қатысты.

Кештің басты оқиғасы – «Асанәлі» сыйлығымен марапаттау болды. Қазақстандық кинематографтың мәтрі құрметіне тағайындалған марапат бес номинация бойынша берілді. Азамат Сатыбалды – үздік киноактер атанды, театрдың үздік актері – Зарина Кармен, үздік кинорежиссер – Әділхан Ержанов, үздік театр режиссері – Гаухар Адай және «театр және кино өнеріне қосқан үлесі үшін» сыйлығын Лидия Каденова алды. Жеңімпаздарға 1 млн теңге көлемінде ақшалай сыйақы берілді.

ІС-ШАРА

Мәдени құндылықтар насихатталады



Мегаполисте 26–29 мамыр аралығында Ш.Уәлиханов алаңында «Ғылым ордасының» алдында тұңғыш рет ашық аспан астында «Алматы кітап жәрмеңкесі» өтеді. Үш күнге созылатын ауқымды мәдени іс-шараны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы және Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастырып отыр.

Кітап жәрмеңкесіне алыс жақын шетелден келетін баспагерлер мен арнайы делегация Қырғызстан, Ресей, отандық 50-ден астам баспа мекемесі мен кітап дүкені қатысады.

Іс-шараның мақсаты – оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, қоғамның интеллектуалды әлеуеті мен мәдени құндылықтарын насихаттау. Сондай-ақ, жастардың көркем әдебиетке деген құштарлығын ояту. «Алматы кітап жәрмеңкесі» – баспа мекемелері мен кітап дүкендерінің саудасын жандандыру, кітап нарығындағы түйткілді мәселелердің оң шешілуіне үлес қосып, кітап мәдениетінің дамуына серпін беру; оқырман мен автор арасындағы байланысты нығайтып, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру жолында дәнекерлік таныту және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастыру.

«Жәрмеңке аясында баспа мекемелері, кітап дүкендері түрлі кітаптарды сатылымға шығарады. Сонымен қатар, жәрмеңке аясында әдебиет, өнер және мәдениет саласының қайраткерлерімен кездесу, жана кітаптардың тұсаукесер рәсімдері және сала бойынша бірқатар маңызды мәселелер бойынша мамандардың қатысуымен дөңгелек үстелдер өтеді», – дейді Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов.

Еліміздің мәдени астанасындағы ауқымды жәрмеңке ұйымдастырушылары тарапынан студенттерге, оқушыларға жеңілдіктер қарастырылған. Сондай-ақ, жәрмеңке аясында еліміздің танымал тұлғалары, жас өнерпаздар, акындар жыр маржанын шашпақ!

Жәрмеңкеге келіңіз, Қазақстанның кітап мәдениетін дамытуға өз үлесіңізді қосыңыз!

Мекенжайы: Алматы қаласы, Шевченко–Пушкин көшелерінің қиылысы.

Күні: 28–30 мамыр. **Уақыты:** 10.00 – 20.00.

ЖАҢА КӨШЕ

Жаңа жол ашылады



Бүгіннен бастап Әуезов көшесі бойымен Гоголь көшесінен Райымбек батыр даңғылына дейінгі бөлікте ұзындығы 0,8 шақырымды құрайтын төрт жолақты жаңа жол ашылады. Көшенің ұзаруы қозғалыс жүктемесін азайтып, жолаушылар ағымын көбейтуге мүмкіндік береді.

Ұзарту кезінде магистралды жылу жүйесі желісін қайта орналастыру, өтпелі және бағаналы бағдаршамдармен бірге төрт теміржол өткелі қайта жасалды. Арық жүісін жанарту мен көршілес аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Мамандардың айтуынша, жұмыстар маусым айының аяғына дейін толық аяқталады деп жоспарланған.

Бұрындары Әуезов көшесі солтүстік бағытта Гоголь көшесімен тұйықталатын. Ал бұл ауданда солтүстік-оңтүстік бағыттар бойынша көше-жол желісі жетіспейтіндігі байқалған болатын.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

АДАЛ ЖҮРЕК, ТАЗА ҰЛТШЫЛ

«...Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып, Қаққы жеп қанаттарын бұзылғанша Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен, Қоймастан құлағына ызыңдаса?».

Рас айтады, Ахаң нәзік маса, ол ұйықтаған қазақ халқының үстінде қоймастан «ұйқысын аз да болса бөлуге ызыңдады».

Ахаң байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек, таза ұлтшыл.

...Жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу хәм тіл құралдарымен» қылған қызметі таудай.

Сәкен СЕЙФУЛЛИН.
1923 жыл.

ОНЫҢ ЕҢБЕГІНІҢ ӨНІМДІ ЖАҒЫ – АҒАРТУ АЛҚАБЫНДА

Бар ғұмырын өз халқына шын құштарлықпен қызмет ету жолына бағыштаған, бар бақытын содан тапқан, табиғаты бөлек жандар болады. Ахмет Байтұрсынұлы сондай адамдар қатарындағы ұлағатты ғалым. Ахмет Байтұрсынұлы мәдениетіміз бен ғылымымызға қалтқысыз беріле қызмет сіңірген, таланты мен тағдыры жан дауасын тек сол мақсаттан тапқан жан. Ахаң – күрделі тұлға, зерделі ғалым.

Шындығында да, Ахаң өзінің бүкіл саналы өмірін сарп еткен қазаққа өзі білген нәрсесін ұтымды жеткізуден жалықпады. Сол үшін жанын сала тер төкті. Сондықтан да болар, оның еңбегінің өнімді жағы ағарту алқабында. Осыған дейін ел ішінде оқу-ағарту ісіне дәл Ахмет Байтұрсынұлындай еңбек сіңірген ешкім жоқ.

Жаңа қазақ алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі және сыртқы жаулармен күресінің көрінісі болатын, біздің тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің заңдылығы бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тіліміздің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты. Қазақ тілінде қолданылмайтын, мүлдем қажетсіз он екі әріпті әліппеден алып тастады.

Бұл жазу емлеміздегі көптеген қиыншылықтарды жойды.

...Міне, осы тұрғыда Ахаң өлшеусіз көп қызмет етті. Біздің тілдің терендігі мен шеберлігін, тіл мәдениетінің мәнін, қасиетін дәлелдеп, тілімізді құрметтеуге мәжбүр етті. Оның тіліміздің тазалығы мен дербес өмір сүруі үшін күресі бұл саладағы аса зор еңбегі – кеңінен мәлім, кім-кімнен болса зор.

...«Қазақ» газетін шығарды. Газеттерді тарату жөніндегі техникалық жұмыстарды өз жары мен қызы атқарады, өйткені экспедитор мен хатшы жалдауға алғашқыда қаражат та болмайды. Газет қазақ өмірін жан-жақты әр қырынан алып, үкіметтің арам пиғылын жоғарыдан бастап урядниктерге дейін сынап-мінеп отырды, сол үшін де газетке бірнеше рет айыппұл салынып, редакторы түрмеге жабылды. Қазақтар газет пен журнал оқуға осы уақыттан бастап үйренді.

Телжан ШОНАНҰЛЫ.
1923 жыл.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

ЖҮРТЫМА

Бірлік қып іс етуге шорқақ, жұртым,
Табылса оңай олжа ортақ, жұртым.
Сияқты қара қарға шұылдаған
Ұрейсіз қоян жүрек қорқақ, жұртым.
Білмейсің жөнің менен терісіңді,
Ел болып іс етпейсің келісімді.
Үміт қып бәйге атындай талай қосып,
Байқадық шабыс түгі, желісіңді.

Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығасың қолыңа ала керісіңді.
Бытырап бет-бетіңе жөнелгенде,
Көрдің гой жайылатын өрісіңді.
Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,
Қайтейін өзге десе көңіліңді.
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,
Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді?!



31 МАМАР – АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Алматы қалалық комиссиясы қандай жұмыстар атқарып жатыр?

Қазақ халқының тағдырын тәлкекке салған нәубетті жылдардың зобалаңы ел жадынан өшпесі анық. Бүгінде сол тоталитарлық кезеңнің бар зұлматын зерттеп жүрген тарихшыларымыз баршылық. Солардың қатарында Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың профессоры Досалы САЛҚЫНБЕК пен Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры Еркін ЕРМҰХАНОВ сынды тарихшыларымыз да бар. Қуғын-сүргін құрбандарын зерттеп, сол тақырыпта өзіндік ой-пікірін білдіріп жүрген қалалық комиссия мүшелері кеше біздің редакциямызға келіп сұхбат берді.



Досалы САЛҚЫНБЕК



Еркін ЕРМҰХАНОВ

– Екеуіңіз де Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Алматы қалалық комиссиясының мүшесі екенсіздер. Әңгімеміздің әлқиссасын комиссияның жұмыстарынан бастасак...

Досалы ИСАХАНҰЛЫ:

– Жалпы, көзіқарақты оқырман қауымға мәлім, 2020 жылдың 30 мамыр күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ашаршылық және саяси-қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Үндеу жариялап, осыған дейінгі жүргізілген және алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстар бойынша «Тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды» тапсырған болатын. Міне, осы Үндеуге байланысты 2021 жылдың қараша айында Мемлекет басшысының Жарлығы шығып, тапсырма берілді. Яғни қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау (бұл жерде «толық ақтау» деген сөзге ерекше мән беруіміз керек) бойынша жұмыстар қолға алынды. «Аузымызды құр шөппен сүрте беруге» болмайды, әрине. Өйткені, бұған дейін республикамызда саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде комиссия құрылған, жұмыс істеген. Бірақ бұл комиссияның жұмысы толық емес, кемшіліктер, атқарылмаған жұмыстар болды. Сондықтан мен Мемлекет басшысының қазіргі беріп отырған тапсырмасы үлкен ауқымды шара деп есептеймін. Міне, осыған байланысты облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда арнайы комиссиялар құрылды. Өздеріңіз білесіздер, Алматы – алып мегаполис. Ол кезде Алматы – астана болып тұрған уақыт. Демек, ол кезеңдегі тарихи оқиғалардың барлығы Алматымен тікелей байланысты болғанын ұмытпауымыз керек. Алып шаһар ғылым мен білімнің, өркениеттің ордасы. Сондықтан құрылған комиссияға артылар жүк те, жауапкершілік те зор.

2021 жылы ақпан айында Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасымен Алматыда арнайы комиссия құрылды. Оған қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров басшылық жасады. Комиссияның құрамына белгілі тарихшы ғалымдар, қоғам қайраткерлері, журналистер кірді. Ол кезде комиссия мүшелерінің саны 51 болатын, қазір сәл қысқарып, 38 адамды құрап отыр. Бүгінге дейін біраз жұмыс атқарылды. Әлі де атқарылар шаруа көп.

Еркін НҰРАДДИНҰЛЫ:

– Мемлекет басшысы бұл мәселені тектен-тек көтеріп отырған жоқ. Себебі, Қазақстанның 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау, зерттеу, зерделеуді қажет ететін өте үлкен мәселе. 1988–1990 жылдардағы комиссия заңдық тұрғыда бі-



раз жұмыстар атқарды. Бірақ олардың орындалу механизмдері түпкілікті шешімін таппады. Ал бүгінгі комиссия көп жылдар бойы тыйым салынған арнайы қорлармен, мұрағаттармен жұмыс жасауға мүмкіндік алып отыр. Қалалық комиссияның құрамы әрқайсысы өзіндік тақырыптармен аталатын үлкен 7 топтан тұрады. Мәселен, біздің топқа 1916–1930 жылдар аралығындағы Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған қазақ босқындарының тарихын зерттеу міндеті жүктелген. Яғни 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1921–1922 жылдардағы ашаршылық, одан кейінгі 1930 жылдардағы аштық салдарынан көршілес мемлекеттерге, әсіресе, Қытайға, Орта Азия республикаларына, Ресейге босқыншылыққа ұшырап, бас сауғал ап кеткен қандастарымыздың тағдыр-тарихын зерделеу осы жолы кеңінен қолға алынып отыр.

МҰРАҒАТ – ҮЛКЕН ТАРИХ ҚОЙМАСЫ

– Бүгінге дейін қандай жұмыстар атқарылды? Жалпы, комиссияның міндеттері мен мүмкіндіктеріне тоқтала кетсеңіздер.

Досалы ИСАХАНҰЛЫ:

– Алматы қалалық комиссиясы міндеттерінің барлығына тоқталмай-ақ, негізгі деген бірнешеуін атап өтейін. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділетті қалпына келтіру, қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарын ақтау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау, оларды заңдық және саяси тұрғыдан толық ақтау үшін нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияға енгізу, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын іс жүзінде ақталмаған санаттарының, оның ішінде қолданыстағы заңна-

мада қамтылмаған құрбандар санаттарын заңнамада аталған, бірақ іс жүзінде ақталмаған құрбандар тізбесін қалыптастыру... Міне, осылай кете береді.

– Бұл жұмыстарға қалалық басқармалар мен тиісті ұйымдар қандай көмек көрсетуде?

Еркін НҰРАДДИНҰЛЫ:

– Комиссия жұмысына құзырлы орындар тарапынан көрсетіліп жатқан көмек көп. Құнды деректерге бай Алматы қаласының мемлекеттік мұрағаты, Алматы қалалық Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағаты бізге айтарлықтай жәрдемін тигізді. Ал Полиция департаментінің мамандандырылған мемлекеттік мұрағаты да біздің үдеден шыға білді. Біз жұмысымызды сол мұрағат деректерінен бастадық. Мұрағаттан босқыншылыққа қатысты 2068-ден аса іспен таныстық. Мұрағатта құнды деректер өте көп. Біздің топ тақырып бойынша мыңдаған істі қарады. Мұрағаттағы ашаршылық пен репрессия мәселесіне қатысты дерек, мәлімет тауып, олардың тергеу барысындағы сауалнамаларын, жазған өтініштерін оқып отырсаңыз, жаның түршігеді. Адамзат өмірінің жылнамасын қамтитын тарихи қоймадан табылған әр құжаттағы дерек пен дәйекке байыппен қарауға тырыстық. Айтуға оңай болғанымен, бұл аса ыждағаттылық пен төзімді қажет ететін жауапты жұмыс. Міне, мынау «Қазақстандағы саяси репрессия құрбандарын ақтау: құжаттар мен материалдар» деп аталатын кітап – сол жұмыстардың нәтижесі. Бұл еңбекті Алматы қаласы әкімдігі жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі комиссия жұмысының бүгінге дейінгі атқарған жұмысының қорытындысы ретінде осы еңбекті көрсетуге болады. Мұнда Алматыдағы репрессия құрбандарының тізімінен бастап, олардың өліміне қатысты берілген анықтамалары толық қамтылған. Бұл

тізімдегілер еш жерде жарияланбаған, яғни ешқайсысы әлі ақталмағандар. Біз комиссияның талқылауынан кейін жоғары жаққа осы тізімдерді жібердік. Енді оның шешімін мемлекеттік комиссия қарағаннан кейін ақтауға ұсынады.

Досалы ИСАХАНҰЛЫ:

– Жалпы, бұл еңбекті қалалық комиссия жұмысының бастамасы деуге болады. Дейтұрғанмен, жұмыс мұнымен шектелмейді. Қалалық комиссия 7 топқа бөлініп, олардың әрқайсысы өз салалары бойынша жұмыс атқарып жатыр. Жақында ғана менің әлі сиясы кеппеген «Ерлік пен қасірет» атты ғылыми-танымдық еңбегім жарық көрді. Мен бұл тақырыпты көптен бері зерттеп келе жатырмын. Сондықтан қалалық комиссия жұмысының жандануы, бізді архив құжаттарының жұмысына енгізуі маған таптырмас мүмкіндік туғызды. Анықтай алмаған мәселелер, қолым жете алмай жүрген деректер, міне, осы комиссияның жұмысының арқасында қолжетімді болды. Бұл мен үшін үлкен көмек екенін ерекше атап өткім келеді.

– Комиссия жұмысын жеңілдету үшін бір ортаға бағынатын орталық ойластырылған ба? Жалпы, осы қуғын-сүргін құрбандарына байланысты зерттеу жұмысына қашан нүкте қойылады?

Еркін НҰРАДДИНҰЛЫ:

– Бүгінгі таңда олардың барлығының басын біріктіріп, Президенттік аппаратқа бағынатын бүкіл республика бойынша арнайы архив құрылды. Бұл құпия мұрағаттардағы деректердің барлығын бір жерге жинақтайтын орталық болмақ. Ал мұндай орталықтың зерттеу жұмысын жеңілдететіні айтпаса да түсінікті.

Досалы ИСАХАНҰЛЫ:

– Бұл жерде мынадай бір мәселені айта кетейін. Мен өзім Ыдырыс Мұстамбаев деген қоғам қай-

раткерінің өмірін ұзақ уақыт бойы зерттедім. Жалпы, бұл кісі 1959 жылы ресми түрде ақталған адам. Ақталған адамның өмірбаянында, саяси қызметінде ешқандай құпия болмауы керек. Бірақ... Бұл жерде «бірақ» деген мәселе бар. Жақында осы кісінің жұмыстарын қайта көтергенімде әлі де үлкен құпияның бар екендігі және ақиқат айтылмағандығына көзім жетті. Бір ғана мысал айтайын. Ы.Мұстамбаевтың өмірбаянын зерттеу барысында ол кісінің туыстарының қолына Азаматтық хал актілері жазбалары (АХАЖ) мекемесі «Ыдырыс Мұстамбайұлы 1943 жылы 12 ақпанда «өкпе қабынуы» ауруынан қайтыс болды» деген анықтама берілген. Сол ақпарат бойынша туыстары «ол кісі атылмаған екен, аурудан қайтыс болған» деп топшылайды. Ал шын мәнінде мұның барлығы өтірік әңгімелер. Сонда мен әлгі архив деректерін ақтарған кезде көзім жеткені – Ы.Мұстамбаев 1937 жылы қараша айында атылған. Атылған болса, ана АХАЖ берген құжат қайдан шықты? Ол былай болған. Хрущевтің заманында – 1954–1955 жылдары туысандары «қайда жерленген, қашан атылған?» деп іздеу салады ғой. Сонда біздің ҰҚ органдары жалған ақпарат беріп, «ол атылған жоқ» деп қолдан құжат жасайды. Неге десеніз, ол кісінің атылған жерін де, басқасын да ешкім көрсетіп бере алмайды. Себебі, оларды топ-тобымен мал сияқты ата берген ғой. Міне, сондықтан олар осындай әділетсіз қадама барған. Арнайы АХАЖ бөліміне туыстары іздеп келсе: «Ы.Мұстамбаев деген азамат болған, бірақ ол кісі 1943 жылы ауырып, қайтыс болды» деген анықтама беріндер деген бұйрық берілген. Бұл жалған мәлімет. Ал шын мәнінде ол 1937 жылы атылып кеткен. Осындай құпиялар өте көп. Бұл ақталған адам жөнінде, ал оның ішінде ақталмағандары қаншама?!

БҮЛ – ГЕНОЦИД!

– Сұхбаттарыңыздың бірінде «ашаршылыққа жуық арада саяси баға береді деп ойламаймын» деген екенсіз. Қазір бұл пікіріңіз өзгерген болар... Жалпы, 1930 жылдардағы аштықты біз геноцид дейміз бе?

– Бұл – өте күрделі мәселе. 1993 жылы құрылған комиссия бұл бағытта жақсы жұмыс атқарған, негізі. Ол комиссияның құрамындағы Манаш Қозыбаев секілді мықты ғалымдар зерттей келе, «бұл таза түрде геноцид» деп баға берген. Бірақ бұл іс үлкен саяси, астарлы мәселелерге байланысты одан әрі жалғаспай қалды. Егер біз геноцид деп баға беретін болсақ, оның жауапкері болуы керек. Кім жауапкер? Әрине, қазіргі Ресей Федерациясы, кезінде заңды түрде «біз Совет одағының мұрагеріміз, ісін жалғастырушымыз» деп бүкіл Кеңес Одағының байлығына да, басқасына да ие болып қалған, оны әлем болып мойындаған. Егер солай болатын болса, мына геноцидтің жауапкері Ресей Федерациясы болуы тиіс. Бұл мәселе көтерілсе, оның арты үлкен дауға айналып кетуі мүмкін екенін сіздер жақсы білесіздер. Сондықтан жақын арада бұл мәселеге саяси баға беріледі деп ойламаймын. Ресей – біздің стратегиялық одақтасымыз, көршіміз. Ал Қазақстан көршісімен арада салқындық болдырмас үшін ешқандай әрекетке бармайды. Бірақ сол кездегі қазақ халқының аштан қырылып жатқанын білетұра: «Жоспарды орында! Пәлен-



бай ет, астық, жүн жібер!» деп үсті-үстіне бұйрық беріп, «орындама-сандар, құртамыз, жоямыз» деп қасақана істеуі, бұл – геноцид. Бұл шын мәнінде қазақ халқына қолдан жасалған қылмыс. Сондықтан менің ашаршылыққа қарсы саяси пікірім өзгерді деп айтпаймын. Жакын арада тағы да бұған геноцид деп толық негізде біздің үкімет баға береді деп те айта алмаймын. Бірақ жұмысты жандандыруымыз керек, Сіз болып біз болып мұның геноцид екенін мойындатуға тиіспіз.

– Қазақстанда ашаршылық 1932 жылы ғана емес, одан бұрын да болған деген деректерді оқыдық. Бұл жайында не айта-сыз, қандай мәліметтер бар?

– Тарихи мәліметтерге сүйенетін болсақ, Октябрь төңкерісінен кейін қазақ даласында 1918-1919 жылдары бірінші рет аштық болды. Басты себебі – әскери коммунизм саясаты. Яғни қызыл армияны азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін халықтың қолындағы барын тартып алды. Осы кезеңде 1 миллионға жуық адам аштан өлді. Одан кейінгі ашаршылық – 1921-1922 жылдардағы ашаршылық. Бұл кезеңде 1 миллион 700 мың адам аштыққа тап болған.

– Ашаршылықты дұрыс зерттей алып жатырмыз ба?

Досалы ИСАХАНҰЛЫ:

– Халқымыз «өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді. Осы ұлағатты сөздің бүгінгі біздің ұрпаққа тікелей қатысы бар. Бізде әлі жазықсыз қараланып, сотталған, «халық жауы» атанып атылған, ақталмаған мыңдаған адамдар бар. Біз солардың ісін қарап, ақ-қарасын анықтап, ақтауымыз, жарыққа шығаруымыз керек. Тәуелсіз ел болып осындай шараларды атқаруға мүмкіндігіміз болып отырған шақта, оны неге істемесек?! Бұл біздің жазықсыз жазаланған мыңдаған ата-бабаларымызға деген тағзымымыз және құрметіміз болмақ.

Еркін НУРАДДИНҰЛЫ:

– Жасыратыны жоқ, бүгінге дейін біз шындықтың көзіне тура қарай алмай келеміз. Ел тарихына қатысты көп дүниелер, әсіресе осы ашаршылық пен қуғын-сүргінге байланысты жұмыстар әлі зерттеуді қажет етеді. Өйткені, кеңес үкіметі 1920–1930 жылдарда жүргізген азық-түлік салығы, күштеп отырық-

Досалы ИСАХАНҰЛЫ:

– Зұлмат жылдарының ауыр зардабын бүкіл Қазақстан халқы, әсіресе, жастар жағы сезінуі керек. Біз әлі бұл күннің мән-мағынасын дұрыс түсіндіре алмай келе жатырмыз. Мен бұрын да бірнеше рет айтқанмын. Неліктен, ең болмаса сол 31 мамыр күні қуғын-сүргін құрбандарын бір минуттық үнсіздікпен еске алып, туды төмен түсіріп, транспорттарды тоқтатып, музыка үнін өшірмесек?! Әрі-беріден соң, бұл тек қазақ халқына ғана қатысты жағдай емес қой. Содан кейін үлкен-үлкен қалаларда, тіпті, облыс орталықтарында мемориалдық кешендер ашылуы керек. Ол ана басынан кіріп, мына басынан шыққан кезде аза бойынды қаза қылатындай кешен болуы тиіс деп ойлаймын. Бізде тек бірлі-екілі қалаларда ескерткіштер қойып қойған, басқа ештеңе жоқ.

Еркін НУРАДДИНҰЛЫ:

– Біз бұл күнді қастерлеуде өзге елдерден үлгі алуымыз керек. Мәселен, Белоруссияның Хатынь мемориалдық кешенінде минут сайын қоңырау соғылып тұратын ескерткіш бар. Бұл қоңырау адам өлімін еске түсіріп тұрады. Мұндай сәттер репрессия құрбандары күнінің мән-мағынасын арттыра түсер еді. Ал біз қуғын-сүргін құрбандарын, ашаршылықты барлығын бір датаға әкеп тіреп қойдық. Сол бір ғана күнде адам төзгісіз жағдайдағы ел тағдырын бір минуттық үнсіздікпен еске алудың өзі біраз жұртты қанағатшылдыққа, сабырға, төзімге үйретер еді...

– Болашақта жүзеге асырсам деген қандай ой-армандарыңыз бар?

Досалы ИСАХАНҰЛЫ:

– Арман көп. Мен осы тақырыпты көптен бері зерттеп келе жатырмын. Әлі ақталмаған тұлғалар жетерлік. Олардың істері шаң басқан архивтерде сіресіп тұр. Міне, сол маңдайына «халық жауы» деп қара таңба тағылған қайсар ұлдарды ақтап, оларға лайықты баға беруді, есімін құрметтеуді зерттеу істерін әрі қарай жалғастырсам деймін. Сосын жалпы, ашаршылыққа, саяси қуғын-сүргінге байланысты екіұдай пікірлер көп. Мақсатымыз – елдің ойын шашырата бермей, бір қалыпқа келтіріп, жинақтап, қуғын-сүргін құрбандары турасындағы әңгімеде бір тоқтамға келсек деген ойымыз бар.

Еркін НУРАДДИНҰЛЫ:

– Алдағы уақытта жабық қорлардағы құжаттарды жан-жақты сараптауға, саяси қуғын-сүргін құрбандарына тарихи шындық тұрғысынан баға беруге, репрессия құрбандарына құқықтық тұрғыдан ғана емес, саяси ақтауға да қол жеткіземіз деп ойлаймыз. Өйткені, халқы үшін құрбан болған ұлт азаматтары толықтай ақталуы тиіс. Біз осы бағытта тарихшылармен бірігіп жұмыс жүргізе береміз!

– Сұхбаттарыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАСІРЕТ

АШАРШЫЛЫҚҚА ӘДІЛ БАҒА БЕРЕР КЕЗ КЕЛДІ



Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының кандидаты

Иә, өткен ғасырдың басында Қазақстанды бұрын-соңды болып көрмеген әлеуметтік тәжірибе жүргізетін алып полигонға айналдырғанына тарих куә.

Кеңес тұсында статистика түгiлi, ашаршылық туралы сөз қозғауға тыйым салынды. Статистиканың, адам санының әртүрлi болуы осыдан.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының кандидаты Фатима Қозыбақова «Сол кездегі қасірет ауқымды болғаны сонша, біз оны нағыз қуғын-сүргін саясатының көрінісі деп айтуымыз керек», – дейді.

Ұлт тарихындағы ең ауыр оқиғаның беймәлім тұстарын маманнан сұрап көрдік.

АЗАПТЫ КЕЗЕҢНІҢ ТАРИХЫ

Елімізде қуғын-сүргін құрбандары әлі күнге дейін саяси тұрғыда толық ақталған жоқ. Өкінішке қарай, осы кезге дейін қайғы-қасіреттің түп-төркінін тек 1932-1933 жылғы ашаршылықпен және күштеп ұжымдастырумен ғана байланыстырып келдік. Ал оның негізгі алғышарттары Кеңестік кезең өмір сүре бастаған кездің өзінде-ақ пайда бола бастады. Әсіресе, 1920–1930 жылдардағы қоғамдағы үрдістердің қалыптасуына идеологиялық экстремизмге негізделген большевиктік экономикалық саясат та қатты ықпал етті. Бұдан қазақтар аштықтан ғана емес, жаппай жазалау салдарынан да көп қырғынға ұшырағанын көріп отырмыз. Осы қайғылы оқиғаның басы қазақ халқының дәстүрлі құрылымына алғашқы соққы берген 1928-1929 жылдары мал шаруашылығының мықты, тәжірибелі мамандары, ірі байларды тәркілеу ретінде басталды. Деректерде 696 ірі шаруашылық тәркіленіп, оның 619-ы өздері тұратын аймақтан тыс жерлерге, Сібірге, ит жеккенге жер аударылғаны жазылған. Осылайша қазақ байларының малын тәркілеу мал шаруашылығының күйреуіне әкелді, ең сорақысы малмен күн көріп отырған ауыл халқының жағдайын нашарлатты. Одан кейінгі 1929-1930 жылдардағы индустрияландыру, жаппай отырықшыландыру мен ұжымдастыру, 1934–1938 жылдары бұрынғы байлар мен кулактардың үрім-бұтағы мен жакын туыстарының

қудалануы ауыл шаруашылығындағы жаппай қуғын-сүргінге, аштыққа әкелді.

Халықты күштеу саясаты бұрын-соңды болып көрмеген демографиялық апатқа ұшыратты. 1937 жылғы Бүкілодақтық санақтың алғашқы мәліметтері бойынша Қазақстандағы ауыл халқының саны 1930–1933 жылдардағы ашаршылықта 3 млн 379,5 мың адамға кеміп кеткен. Бірақ әлі де болса Қытайға және басқа шетелдерге өтіп кеткен қазақтар және жер аударылғандар, жолда өлгендер, із-түзсіз жоғалып кеткендер, шекара асқанда қырылғандардың санын толық анықтау үшін зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуда.

Қайғылы қасірет, аштыққа әкелуінің басты себебі – халықтың тарихи, табиғи өмір сүру салтын ескермеуден болғанын тарих өзі айқындап берді.

Халыққа қарсы жасалған әрекет мал басының кемуіне алып келді. Ф.Голощекин бастаған большевиктердің жүргізіп отырған зорлық-зомбылығынан қазақ шаруалары ата қоныстарын тастап кете бастады.

Екіншіден, кінәсіз шаруаларды «ұлтшыл», «бандит» деген жалған жалалармен жаппай қуғын-сүргінге ұшыратты. Тоталитарлық жүйе біраз жыл бойы тарихымызды ашық айтуға тыйым салып келді. Жалпыхалықтық қасірет – ашаршылыққа әділ баға беретін кез келді деп санаймын.

АШТЫҚТАН ӨЛГЕНДЕРДІҢ ДЕНІ – ҚАЗАҚ ШАРУАЛАРЫ

Осыны ескерсек, большевиктердің бұл саясатын ақтап алу қиын. Бұл саясаттан республиканың басқа ұлттары мен ұлыстары да зардап шекті. Бірақ бұл коммунистік партияның көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқына жасаған аң ауыр қылмысы болғаны анық. Оның дәлелі: Қазақстандағы ашаршылық салдарынан қырылған қазақтардың үлесі 49% болса, 11% украин халқы, 6% орыстар, 8% өзбек, 13% ұйғыр, 10% татарлар, 11% немістер, 12% мордва халықтары, 10% беларустар, 25% қырғыздар, 10% дүнгендер және 10%-ын басқа да ұлттар мен ұлыстар құрайды. Деректердің үрей туғызатыны сөзсіз және бұдан тек қазақтар ғана зардап шекпегенін анық көреміз.

Дәл осыдан 1 ғасыр бұрын басталған және одан бергі жылдары болған оқиға тұтас халықтың басына түскен ауыр қасірет екені сөзсіз. Сол азалы жылдардың жазықсыз құрбандарын анықтап, оған әділ баға беру ұрпақтың борышы болып қала бермек. Бұл – ұлт жанында мәңгі сақталуға тиіс.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



шыландыру мен ұжымдастыру салдарынан туындаған ақиқат әлі де толық ашылмай отыр. Басқасын былай қойғанда, сол жылдарғы адам шығыны жайлы нақты дерек жоқ. Сондықтан бұл мәселе әлі де зерттеле түсуі тиіс.

БҮЛ КҮННІҢ МӘН-МАҒЫНАСЫН ДҰРЫС ТҮСІНДІРЕ АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ

– 31 мамырда Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күні атап өтіледі. Қоғам бұл күнді қалай қастерлеп жүр?



ТАҒАЙЫНДАУ

ҚАЛАНЫҢ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНА
ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы болып Ерден Рашидұлы Хайруллин тағайындалды.

Ерден Рашидұлы Хайруллин 2009 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша



бітірген, 2011 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Экономика» мамандығы бойынша тәмамдаған және Азаматтық авиация академиясының авиация техникасы және технологиясының магистрі дәрежесін алған.

2012–2019 жылдары Алматы ауданы әкімі аппаратында кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту бөлімінің бас маманы, осы бөлімнің басшысы болып қызмет атқарған.

2019–2022 жылдары Алматы қаласы Алматы ауданы әкімінің орынбасары болып жұмыс істеген.

АТ СПОРТЫ

Атаулы жарысқа 9 елдің құрама командалары қатысып жатыр. Қаламызда ат спортының кіл мықтылары белгілі болуда.

Еуразиялық лиганың кедергілерден өту бойынша Әлем Кубогының III кезеңі 2022 жылғы 25–29 мамыр аралығында «Сұңқар» шаңғы трамплиндері кешенінде өтуде, деп хабарлайды Almaty-akshamy.kz.

Еуразиялық бөсеке лигасының I кезеңі Ташкент қаласында (Өзбекстан), II Бішкек қаласында (Қырғызстан) болып өтті. IV кезең Тбилиси қаласында (Грузия), Тегеран қаласында (Иран) өтеді.

Жарысқа 9 елдің (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Грузия, Иран, Германия, Польша, Нидерланды) құрама командалары

АЛМАТЫДА АТ СПОРТЫНАН
САЙЫС ӨТУДЕ

және басқа да жақын және алыс шетелдердің спортшылары, сондай-ақ халықаралық төрешілер мен сарапшылар қатысуда. Төрешілер құрамы Малайзия, Польша, Иран, Өзбекстан, Литва, Түркия, Эстония, Қазақстан мамандарынан құралған.

Жеңімпаз Гран-при Кубогының иегерлері атанған командалар ара-

сында 2022 жылдың қазан айында Барселонада өтетін Ұлттар Кубогының финалына қатысуға лицензия ойнайлады.

Осындай деңгейдегі іс-шаралар ат спортын ілгерілетуге және Алматы қаласы мен Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында таны- мал етуге серпін береді.

ДЗЮДО

Дзюдодан Қазақстан құрамасы Грузияда өтетін әлемдік Grand Slam турниріне қатысады.

Ұлттық Олимпиада комитетінің дерегінше, әлемдік бөсеке 3–5 маусым күндері өтеді. Аталмыш додаға Қазақстан сапынан 25 татами шебері қатысады деп жоспарланған. Жолдама иеленгендер тізімі төмендегідей.

Ерлер: Дәурен Сүйеуенов (60 кг), Қанат Сейілхан (60 кг), Дастан Шаяхметов (66 кг), Алмас Ғалымов (66 кг), Аңсарбек Ғайнуллин (73 кг), Ерлан Серікжанов (73 кг), Барак Арқабай (81 кг), Айбол Нысанәлі (81 кг), Ерасыл Жантасов (90 кг), Әділет Миссин (90 кг), Айбек Серікбаев (-100 кг), Серік Сәлменов (-100 кг), Еламан

ЖОЛДАМА АЛҒАНДАР
АЙҚЫНДАЛДЫ

Ерғалиев (+100 кг), Ерасыл Қажыбаев (+100 кг).

Әйелдер: Абиба Абужақынова (-48 кг), Гаухар Ирмагамбетова (52 кг), Толғанай Әбеуова (52 кг), Севара Нишанбаева (57 кг), Мөлдір

Нарынова (63 кг), Самалай Ерғалиева (63 кг), Анастасия Маякова (70 кг), Зере Бектасқызы (70 кг), Аруна Жангельдина (-78 кг), Камила Берлікаш (+78 кг), Назгүл Маратова (+78 кг).

ТЕННИС

ТЕННИСШІМІЗ ЕКІНШІ АЙНАЛЫМДА

Қазақстандық Александр Бублик жұптық сында Ролан Гаррос турнирінің екінші айналымына шықты. Көптен бері жанкүйерлер оның осындай сәтін күтіп жүрген еді. Бұл жолы жерлесімізге сәттілік серік болғай.

Қазақстандық теннисші австралиялық Танаси Коккинакиспен бірге бастапқы кездесуін америкалық Натаниэль Ламмонс – поляк Камил Майхшакпен өткізді.

Қазақстандық-австралиялық жұп бірінші партияда брейк жасап, сол басымдылықты сақтады – 7:5. Екінші сетте де тағы бір брейкпен матчты аяқтайтындай мүмкіндіктері болды. Дегенмен, қарсыластары таразы басын теңестірді. Тай-брейкте Бублик пен Коккинакис жеңісті жұлпып алды – 7:6 (7:5). Сағат жарым уақытқа созылған матчта Бублик пен Коккинакис 11 эйс жасады.



Енді олар екінші айналымда италиялықтар Симоне Болелли – Фабио Фоньини немесе мажарстандық Мартон Фучович – америкалық Фрэнсис Тиафо жұптарының қай жеңгенімен кездеседі.

ГИМНАСТИКА

Алматыда спорттық гимнастикадан Қазақстан чемпионаты басталды. Осылайша кіл мықтылар іріктелуде. Осы жарыстан жарқырап шыққандар алдағы байрақты бәсекеде өнер көрсетеді.

ҮЗДІКТЕР ІРІКТЕЛУДЕ

Ел біріншілігі биылғы Азия чемпионатына іріктеу додасы болып табылады. Отандық атлеттер 28 мамырға дейін өзара мықтыны анықтайды.

Айта кетерлігі, биыл Азия чемпионаты Катар астанасы Дохада өтеді. Құрлықтық біріншілік 12–19 маусымға жоспарланған.



БОКС

ШАВКАТ ЖУЫРДА
ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ

Қазақ файтері Шавкат Рахмонов UFC-дегі кезекті жекпе-жегін өткізу үшін АҚШ-қа аттанды. Отандасымыз еліміздің жекпе-жек өнерінің ешкімнен кем емес екендігін және бір мәрте дәлелдеуді көздейді.

Жерлесіміз 25 маусымда UFC аясындағы төртінші жекпе-жегін өткізеді. Бұл туралы оның DAR Team клубындағы жаттықтырушысы Азиз Разиев Instagram желісіндегі парақшасында жариялады.

– Шавкат Рахмоновты оқу-жаттығу жиынының Америкадағы соңғы кезеңіне шығарып салдық, – деді А.Разиев.

Шавкат Рахмонов UFC-дегі төртінші жекпе-жегінде



америкалық Нил Мэгнимен кездесетін болады.

ФУТБОЛ

КЕСТЕДЕ
ӨЗГЕРІСТЕР БАР

Бірінші Лига клубтары арасындағы Қазақстан Республикасы біріншілігінің ойындарын өткізу күндері өзгертілді.

«Қайсар» және «Жетісу» футбол клубтарының 2022 жылғы маусымдағы Қазақстан Республикасы Кубогының топтық кезеңіне қатысуына байланысты, Бірінші Лига клубтары арасындағы футбол бойынша Қазақстан Республикасы Біріншілігі Регламентінің 5.20.6 тармақшасына сәйкес, Қазақстанның кәсіпқой футбол лигасының Әкімшілігі Қазақстан Республикасы Біріншілігі ойындарының күнтізбесіне келесі өзгерістерді енгізу туралы шешім қабылдады.

ОЙЫН КЕСТЕСІ:

12 маусым, 11 тур: «Байқоңыр» – «Қайсар», «Жетісу» – «Академия Оңтүстік»;
24 маусым, 9 тур: «Екібастұз – Яссы»;
29 маусым, 12 тур: «Қайсар» – «Жеңіс», «Яссы» – «Жетісу»;
3 шілде, 10 тур: «Яссы» – «Байқоңыр»;
12 шілде, 13 тур: «Жетісу» – «Қайсар»;
24 тамыз, 14 тур: «Қайсар» – «Яссы», «Астана» (Ж) – «Жетісу»;
28 тамыз, 17 тур: «Яссы» – «Оқжетпес», «Қайсар» – «Астана» (Ж);
4 қыркүйек, 15 тур: «Игілік» – «Қайсар», «Жетісу» – «Оқжетпес».

Бетті әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне

ЖАРНАМА беріңіз де,

ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 27 МАМЫРДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 1 153 843
II компонент: 1 031 304

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 849 504 II компонент: 800 389	I компонент: 39 666 II компонент: 35 614	I компонент: 141 008 II компонент: 129 867

Жас абайтанушылар жарысы

Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында Жалпы білім беру ұйымдарының IV Республикалық Абайтану олимпиадасы қорытындыланды.



Ұлы ақынның бай мұрасын жас ұрпақ санасына терең әрі жан-жақты сіңіруге бағытталған олимпиаданың мақсаты – М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын толық меңгеру арқылы кеменгердің ақындық болмысына үңілу, Абайдың шығармашылығы мен өнегелі өмірінен ғибрат алып, өмірде қолдану, тәлімгерлердің зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Олимпиада екі айналым тәртібі бойынша өтті. Сайыстың бірінші кезеңінде қатысушылар Абайдың қара сөздері мен поэзиясы негізінде дайындалған тақырыптардың біріне эссе жазды. Екінші айналымда М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан берілген үзіндінің қай тарау, қандай бөлімнен алынғанын тауып, мазмұнын жалғастырды. Сондай-ақ, абайтанушылар жайлы таным-деңгейін көрсетіп, берілген сөйлемдерге кешенді талдау жасау арқылы грамматикалық сауаттылықтарын айқындады.

Екі күнге созылған олимпиадада 14 облыс, 3 қала, Республикалық білім беру ұйымдары және Абай мектептерінің желісі бойынша 130-дан аса оқушы қатысты.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектерді көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Женімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

БРИФИНГ

Педагог құқығы қорғалады



Досбол
АТАЖАН

ҚР Білім және ғылым министрі педагогтардың кәсіби қызметін жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында «Педагогтар құқықтары-ның бұзылуына жол бермеу туралы» бұйрыққа қол қойды.



Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Білім сапасын қамтамасыз ету департаментінің басшысы Гүлнар Ермекбаева мәлімдеді.

Қаланың, аудандардың білім беруді басқару органдары мен білім беру ұйымдарына педагогтардың кәсіптік қызметін жүзеге асыруы кезінде мыналарға жол берілмейді:

- ҚР заңнамасына сәйкес әзірленген лауазымдық нұсқаулықтарда көзделмеген жұмыс түрлеріне тартуға;
- Педагогтар жүргізуге міндетті құжаттар тізбесінде көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етуге;
- ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексіне көзделмеген тексерулерді жүргізуге;
- Оларға тауарлар мен қызметтердің әртүрлі түрлерін сатып алу бойынша міндеттер жүктеуге.

Бұл ретте білім беру ұйымдары қажетті ақпаратты тек ҚР БҒМ-нің, сондай-ақ қаланың, ауданның білім беруді басқару органдарының сұратуларына ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынуы тиіс.

Сондай-ақ, Г.Ермекбаева жоғары тұрған мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың тапсырмасы бойынша іс-шараларды білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, сондай-ақ министрліктің жұмыс жоспарына сәйкес жүргізу қажеттігін атап өтті.

Білім беруді басқару органдары осы бұйрықтың тармақтарын, оның ішінде педагог құқығын бұзған жағдайда Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне, яғни біздің департаментке жүгінуге құқылы. Комитет пен аумақтық департаменттер «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының талаптарын бұзған тұлғаларға қатысты түбегейлі шаралар қабылдайды. Осы бұйрықпен білім беру ұйымының әрбір басшысы танысып, педагогтарға жеткізуі тиіс.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖШС «ЛАКОМА» – ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабының 1-тармағы және 73-бабының 2-тармағына сәйкес 2022 жылдың 6 маусымнан бастап 5 жұмыс күн аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОК) бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. «Шапағат» шағынауданда сауда орталығын салу, Шоссейная көшесі, №70,71-72 үй, Алатау ауданы, Алматы қаласы. Әсер ету аумағы Шоссейная көшесі, №70,71-72 үй, Алатау ауданы, Алматы қаласы. Жобалық құжаттама пакетімен Бірінғай экологиялық порталында (Esoportal.kz) және Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco?lang=ru> танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірінғай экологиялық порталында esoportal.kz және almaty-ecodep@ecogeo.gov.kz мекенжайы бойынша қабылданады. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты ҚОӨБ жобасының тапсырыс берушісінің электрондық поштасы tesel-10@mail.ru және тел.: 8 702 777 79 55 (Жетекшісі: Қайрат Аубакиров) нөмірі арқылы алуға болады. ҚОӨБ әзірлеушісі ЖШС «Экологиялық жобалау орталығы» болып табылады. Тел.: 8 778 400 66 66; e-mail: 8 701 942 44 81@mail.ru;

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

Балалар
жылы
2022Бүлдіршіндер
тартуы

Биылғы Балалар жылы мен 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, Алмалы ауданындағы №14 бөбекжай-балабақша бүлдіршіндері де ерекше тарту жасап отыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бөбекжай-балабақшаның «Жұлдызша» мектепке даярлық орыс бөлімінің бүлдіршіндері «Бақытты балалық шақ» атты мерекелік бағдарламаға қатысып, Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін сахналады.

Жайлаудың келбеті бейнеленген сахнада Асан мен Үсен көштің соңында қалып, адасып кетеді. Міне, айдалада қалып кеткен екі бала біріне-бірі басу айтып, жұбатып отыр. Екеуінің де тілдері жатық, сөздері анық. Олар көштің

қай бағытқа кеткенін аспандағы бүлттың, қалықтаған құстың қанатына қарап болжауда. Осы жолда оларға түрлі ертегі кейіпкерлері кездеседі. Асан мен Үсенге Сакқулақ, Көлтаусар, Желаяқ сынды ертегі кейіпкерлері көмекке келеді. Оқиға желісі сәтмен аяқталып, екі балақай ауылдарының қонған жерін табады.

– Шағын ғана әңгіменің ауқымын кеңейтіп, бүлдіршіндердің талғамына қарай, ертегі кейіпкерлерін де қосқан едік. Ондағы мақсатымыз – бүлдіршіндердің таным дүниесі кеңейіп, тілдік қорлары молая түссе деген ой. Адамгершілік, жақсылық жасау арқылы балалардың бойына ізгі қасиеттер қалыптастырсақ дейміз. Балақайлардың аса қызығушылықпен қабылдап, кейіпкерлерін де шебер сомдай білгеніне куә болып отырмыз. Бұл ретте қазақ тілі мұғалімі Маржан Алпысбайқызының еңбегі зор, – дейді балабақша меңгерушісі Ләззат Сәлімова.

сатымыз – бүлдіршіндердің таным дүниесі кеңейіп, тілдік қорлары молая түссе деген ой. Адамгершілік, жақсылық жасау арқылы балалардың бойына ізгі қасиеттер қалыптастырсақ дейміз. Балақайлардың аса қызығушылықпен қабылдап, кейіпкерлерін де шебер сомдай білгеніне куә болып отырмыз. Бұл ретте қазақ тілі мұғалімі Маржан Алпысбайқызының еңбегі зор, – дейді балабақша меңгерушісі Ләззат Сәлімова.

МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕРГЕ
30 ЖЫЛСалтанатты шеру
шаһарға сән берді

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Қала әкімдігінің қолдауымен Алматыда 27-28 мамыр күндері «Әскери керней» деп аталатын әскери оркестрлер байқауы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Байқауда Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының үздік әскери оркестрлері өнер көрсетті. Іс-шараға Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімі (Алматы қаласы), 6654 әскери бөлімі (Алматы облысы Қаракемер кенті), 5513 әскери бөлімі (Тараз қаласы), 6506 әскери бөлімі (Шымкент қаласы) әскери үрмелі аспаптар оркестрлері қатысты.

Сондай-ақ, Алматы қаласы әкімдігінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына 30 жыл толуына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, екі күн бойы әскери оркестрлер Алматы қаласының мәдени орындарында өздерінің музыкалық шеберліктерін көрсетті. Сонымен бірге, кеше Алматы қаласының Қабанбай батыр көшесінен бастап, Панфилов көшесінің бойымен Жібек жолы көшесіне дейін (аталған көшелердің аралығында Бөгенбай батыр, Төле би, Қазыбек би, Гоголь көшелері бар) қала тұрғындары мен қонақтарының көңіл күйін көтере, әскери оркестрлер салтанатты шерумен өтті.

– Алматыда «Әскери керней» деп аталатын әр-

түрлі өңірлердің әскери оркестрлер байқауы өтіп жатыр. Оған қоса, Алматы әкімдігінің ұйымдастыруымен 4 маусым күні ҚР Мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына 30 жыл толуына орай, біз, әскери оркестрлер салтанатты шерумен қала көшелерін араламақпыз. Іс-шара мақсаты – халыққа жақсы көңіл күй сыйлап, қала тұрғындарының бойында патриоттық сезім ояту және алдағы үлкен мерейтойды биік дәрежеде атап өту. Сондай-ақ, әскери оркестрлеріміздің шеберлігін халық алдында паш еткіміз келеді, – деді ҚР Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінің әскери оркестрінің дирижері, аға лейтенант Никита Беляков.

Кеше бірнеше сағатқа созылған салтанатты шеру мен мерекелік концерт кезінде шаһарымыздың тұрғындары әскери оркестрлерге алғыс білдіріп, олармен суретке түсіп те жатты. Алматылықтар, әсіресе, Ұлттық ұланның қазақы оюмен өрнектелген әскери формасына қызығушылық білдірді.

– Күннің ыстығына қарамай, салтанатты шерумен шаһарға сән берген әскерилерге алғыс айтамын. Мұндай шаралар балаларымызды патриоттыққа баулиды, олар әдемі формадағы әскерилерді көріп, өздері де сондай болғысы келеді, – деді қала тұрғындарының бірі.

Бүгін «Mega Park» сауда үйінің алдындағы алаң-қайда түрлі жанрдағы композициялар орындалатын концерт болады.

ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(28 мамыр – 4 маусым)



Тоқты (21.03 – 20.04)

Мамыр айының соңғы аптасын эмоцияға аса берілмей, ұсақ-түйек жайсыздықтарға мән бермей, салқынқанды қалыпта өткізуге тырысыңыз. Дүйсенбіде қаржылай үстем-ақыға ие болуға үлкен мүмкіндік туады. Дегенмен, жоспарсыз қаржы жұмсаудан, тиімсіз салымнан сақ болуды үйренбесеніз, бәрі бекер. Отбасылық мәселелерді шешуді жұманың еншісіне қалдырыңыз.



Торпақ (21.04 – 21.05)

Үнемдеуді үйреніңіз, алдағы аптада жоспарланбаған шығындар қомақты қаржыны қажет етеді. Апта басында көмек пен қарыз сұраған таныстарыңыз да жиі келуі мүмкін. Тұрмыстық мәселелерді мүмкіндігінше сейсенбіден ары өткізбей, сол күні шешіп тастауға тырысыңыз. Жоспарланған іссапарлар сәтті өтеді. Демалыс күндері алыстан қонақ келуі ықтимал.




Егіздер (22.05 – 21.06)

Бойыңызда энергия мен алға ұмтылдыратын күш жеткілікті, олардың көмегімен қарашаның соңғы онкүндігін жақсы өткізесіз. Қаржы жағынан жолыңыз болмақ. Алайда, көлденең келген табыс қой деп оңды-солды шашпаңыз, мүмкіндікті пайдаланып қарыз бен несиенен құтылуға асығыңыз. Аптаның екінші жартысы мәдени шараларға қатысу үшін аса қолайлы.



Шаян (22.06 – 23.07)

Өзіндік тәртіп, өз-өзің басқару қабілеті – бұл жақсы, әрине. Алайда, жұлдыздар алдағы аптада осы бір тұсыңызды аздап әлсіретіп, бойды босансытуға, көңіл көтеруге, тынығуға кеңес береді. Дүйсенбіге жоспарланған іскерлік келіссөздер сәтті өтеді, дегенмен бұл күні қаржылық құжаттарға қол қоюға асықпаңыз. Дұрысы – сала мамандарымен кеңесіп барып шешім қабылдау, содан соң барып құжатты қол қоюмен бекіту керек.



Арыстан (24.07 – 23.08)

Жаңа аптада арыстандарға мүмкіндіктерін көрсету, өзін дәлелдеу үшін көбірек тер төгуге тура келеді. Дүйсенбіде басшылықпен бетпе-бет келіп, тіпті сөзге келіп қалуыңыз мүмкін. Ештеңеден жүрексіңбей, абыржымай, өзіңізге сенімді болсаңыз, кәсіби біліктілігіңізді дәлелдей білсеңіз, басшылық тарапынан еш қауіп төнбейді.



Бикеш (24.08 – 23.09)

Араласатын ортаныңға мұқият болыңыз және сіз үшін өзгелердің шешім қабылдауына жол бермеңіз. Апта басында қаржылық жағдайыңыз бұрынғыдан да жақсара түседі. Апта ортасында уақытыңыздың көп бөлігін отбасыңызға, тұрмыстық мәселелерді шешуге арнаңыз. Демалыс күндерін сәтті өткізіңіз келсе, жолға шығыңыз, бақша жұмыстарына арнаңыз немесе достармен басқосу ұйымдастырыңыз.



Таразы (24.09 – 23.10)

Өтініші мен сұрауы таусылмайтын таныстардан алшақтап, өз мақсатыңызға қарай қадам басыңыз. Бүткіл аптаны шығармашылық жұмысқа арнауыңыз мүмкін, алайда ең өнімді іс атқаратын күніңіз – сәрсенбі болмақ. Өзіңізді жасыра бермей, талантыңызды жарнамалай біліңіз.



Сарышаян (24.10 – 22.11)

Аптаның аяғы сіздер үшін сый мен марапатқа толы болғалы тұр. Әсіресе, мақсатқа ұмтылып еңбек етсеңіз, табындылық танытсаңыз. Ол үшін апта басында тынбай еңбектеніп, тер төгуге тура келеді. Апта басы қаржылық операцияларды жүзеге асыруға қолайлы күн. Алайда, серіктес таңдауда асығыстық пен албырттыққа жол бермеңіз.



Мерген (23.11 – 21.12)

Сізді алда оқиғаларға толы қызықты күндер күтіп тұр. Алайда, жұлдыздардың бір шарты бар: күмән туғызатын тұлғалардан, қаржылық айла-амалдардан аулақ болыңыз. Дүйсенбіде кей әріптестермен араңызды бұрынғыдан да жақындата аласыз, дегенмен, қызметтік әлеп шегінен шықпаңыз. Аптаның екінші жартысы махаббат оқиғаларына толы болмақ.



Тауешкі (22.12 – 20.01)

Алдағы аптада өміріңізде жағымды өзгерістер орын алады. Есте қаларлықтай қызықты оқиғалар легі де көбірек. Дегенмен, өміріңізді одан әрі жақсарту түсуге, сән-салтанат пен жайлылыққа деген ұмтылысыңызды аздап тізгіндеуге тура келеді. Қаржылық жағдайыңыз тұрақты, десе де тосын жайларға жинаған қорыңызды сақтай тұрыңыз.



Сұқйғыш (21.01 – 19.02)

Ұжымдық шаруаларға белсене атсалысыңыз, тиісті адамдар сіздің ұмтылысыңызды міндетті түрде байқайды. Белсенділігіңіз бен энергетикаңыз басшылықтың да, іскерлік серіктестердің де көңілінен шығады. Қаржылық жағдайыңыз беки түседі, тіпті мемлекеттік құрылымдар тарапынан қолдауға ие болуыңыз да ықтимал. Сенбі не жексенбіде ескі танысыңызбен кездесіп қалуыңыз мүмкін. Алайда, қазіргі өміріңізбен таныстырып, бар сырыңызды ақтаруға асықпаңыз.



Балықтар (20.02 – 20.03)

Бұл күндері көңіліңіздің қалауын жасаңыз, қай істі қолға алсаңыз да сәтті аяқталады. Көптеген Балықтар бұл күндері жаңа әсер мен эмоцияны бастан кешіргісі келеді. Алайда, жұлдыздар асықпауға кеңес береді, тым болмаса демалыс күндеріне дейін шыдаңыз. Кәсіпкерлік тізгінін ұстаған Балықтар келер аптада бірнеше тиімді келісім-шарттарға қол жеткізе алады. Қаржылық жағдайыңыз да көңіл қуантарлықтай болып жақсара түспек.

Әзірлеген Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.